

"Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 2 шілдедегі № 903 Қаулысы

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

«Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының жобасы Қазақстан Республикасы Президентінің қарауына енгізілсін.

Премьер-Министрі

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
К. Мәсімов*

«Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қ А У Л Ы Е Т Е М І Н :

1. «Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарлама және Қазақстан Республикасы Президентінің кейбір жарлықтарының күші жойылды деп тану туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 19 наурыздағы № 958 Жарлығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1) 2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«3) жылына екі рет, жарты жылдықтың қорытындылары бойынша есепті жылдың 15 қыркүйегіне дейін, жылдың қорытындылары бойынша есепті жылдан кейінгі жылдың 15 наурызына дейін Қазақстан Республикасы Президентінің Әкімшілігіне Бағдарламаның орындалу барысы туралы ақпарат берсін.»;

2) жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған

мемлекеттік

бағдарламада:

«Мазмұны» деген бөлімде:

екінші бөлім «2.15 Логистика» деген тармақпен толықтырылсын;
«Бағдарламаның паспорты» деген бөлімде «Нысаналы индикаторлар» деген кіші
бөлім мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикаторлар

Мыналарды:

2014 жылы нақты мәндегі ЖІӨ 2008 жылға қарағанда кемінде 40 %-ға, номиналды
мәнде 19,4 трлн. теңгеге;

2015 жылға қарай жан басына шаққандағы ЖІӨ 2008 жылғы деңгейге қатысты 70,3
%-ға ұлғайып, 14,5 мың АҚШ долларын құрайды;

ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін кемінде 12,5 % деңгейіне дейін;

шикізат емес (өңделген) экспорт көлемін 2008 жылғы деңгейден кемінде 30 %-ға;

өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде

(2008 жылғы салыстырылатын бағамен) кемінде 1,5 есеге;

ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін

бір адамға 360 мың теңгеден 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде кемінде 2

есеге;

мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың тауарларды сатып алуындағы жергілікті
қамту үлесін – 50 %-ға дейін, жұмыс пен қызметтерді – 90 %-ға дейін;

ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтер мен компаниялардың
тауарларды сатып алуындағы жергілікті қамту үлесін – 40 %-ға дейін, ал жұмыстар мен
қызметтерді – 75 %-ға дейін;

инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар
санының 10 %-на дейін ұлғайту.

Мыналарды:

шикізаттық емес сектор шығындарының құрылымындағы көлік шығыстарының
үлесін 2008 жылғы деңгейден кемінде 8 %-ға;

ЖІӨ-нің энергия қажетсінуін 2008 жылғы деңгейден кемінде 10 %-ға азайту.»;

«Бағдарламаның мақсаты, басымдықтары, міндеттері мен принциптері» деген

бөлімде:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«2015 жылға нысаналы индикаторлар:

Мыналарды:

2014 жылы нақты мәндегі ЖІӨ 2008 жылға қарағанда кемінде 40 %-ға, номиналды
мәнде 19,4 трлн. теңгеге;

2015 жылға қарай жан басына шаққандағы ЖІӨ 2008 жылғы деңгейге қатысты 70,3
% ұлғайып, 14,5 мың АҚШ долларын құрайды;

ЖІӨ құрылымындағы өңдеуші өнеркәсіптің үлесін кемінде 12,5 % деңгейіне дейін;

шикізат емес (өңделген) экспорт көлемін 2008 жылғы деңгейден кемінде 30 %-ға; өңдеуші өнеркәсіптегі еңбек өнімділігін 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде (2008 жылғы салыстырылатын бағамен) кемінде 1,5 есеге; ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға 360 мың теңгеден 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде кемінде 2 е с е г е ;

мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың тауарларды сатып алуындағы жергілікті қамту үлесін – 50 %-ға дейін, жұмыс пен қызметтерді – 90 %-ға дейін; ұлттық басқарушы холдингтің, ұлттық холдингтер мен компаниялардың тауарларды сатып алуындағы жергілікті қамту үлесін – 40 %-ға дейін, ал жұмыстар мен қызметтерді – 75 %-ға дейін; инновациялық белсенді кәсіпорындардың үлесін жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар санының 10 %-на дейін ұлғайту.

М ы н а л а р д ы :

шикізаттық емес сектор шығындарының құрылымындағы көлік шығыстарының үлесін 2008 жылғы деңгейден кемінде 8 %-ға;

ЖІӨ-нің энергия қажетсінуін 2008 жылғы деңгейден кемінде 10 %-ға азайту.»;

«Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары» деген бөлімде:

«1. Экономиканы әртараптандыруды және оның бәсекеге қабілеттілігінің өсуін қамтамасыз ететін басым секторларын дамыту» деген кіші бөлімде:

«1.1 Дәстүрлі индустриялардағы» өндірісті әртараптандыру» деген кіші бөлімде:

« М ұ н а й - г а з с е к т о р ы н д а » :

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. 2014 жылы газ конденсатын қоса алғанда, мұнай көлемінің 83,0 млн. тоннаға дейін, табиғи газ өндіру көлемінің 41 млрд. текше метрге дейін өсуіне қол жеткізу.

2. Мұнай және газ конденсатының экспорты 2014 жылы 67 млн. тоннаны құрайды.

3. 2014 жылы қазақстандық мұнай өңдеу зауыттарында (бұдан әрі – МӨЗ) мұнай өңдеу көлемінің 14,65 млн. тоннаға дейін (2008 жылы 119,1 %) өсуін қамтамасыз етіп, мұнай өңдеу тереңдігін 87 – 90 %-ға дейін ұлғайту және отандық мұнай өнімдерін Еуро сапа стандарттарына дейін жеткізу.

4. «Бейнеу–Бозой–Ақбұлақ» газ құбыры бойымен газ тасымалдауды қамтамасыз ету :

2013 жылы – 4,1 млрд. текше метр дейін;

2014 жылы – 4,82 млрд. текше метр дейін;

2015 жылы және одан кейінгі жылдары – 10 млрд. текше метр дейін.»;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттарында»:

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мұнайды бастапқы өңдеу қуаты жылына 6,0 млн. тонна болатын Павлодар мұнай

өндеу зауытын (Павлодар облысы) жаңғырту және қайта жаңарту. Атырау мұнай өндеу зауытында (АМӨЗ) мұнайды терең өндеу кешенін салу.»;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалау шараларында»:

он екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық регламенттерді енгізу

Қауіпсіздікке қойылатын талаптарды белгілейтін мынадай техникалық регламенттер қ а б ы л д а н а д ы :

1. «Жағармай материалдарына, майларға және арнайы сұйықтықтарға қойылатын талаптар туралы» Кеден одағы комиссиясының 2010 жылғы желтоқсандағы № 492 шешімімен бекітілген Кеден одағының бірінші кезектегі техникалық регламенттерін әзірлеу кестесіне сәйкес Кеден одағының техникалық регламенті.

2. Кеден одағының бірінші кезектегі техникалық регламенттерін әзірлеу кестесінен тыс әзірленетін Кеден одағының техникалық регламенттері:

«Мұнай өңдейтін, мұнай-газ-химия және газ өңдейтін кешендерге қойылатын талаптар туралы» Кеден одағының техникалық регламенті;

«Сұйытылған көмірсутек газдардың қауіпсіздігі туралы» Кеден одағының т е х н и к а л ы қ р е г л а м е н т і ;

«Мұнайдың және оның өңделген өнімдерінің көрсеткіштерін өлшеу құралдарына қойылатын талаптар» Кеден одағының техникалық регламенті.»;

« М ұ н а й - х и м и я д а » :

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. 2012 жылдан кейін Ақтау пластикалық массалар зауытында жылына 400 мың тонна көлемінде битум өндіру бойынша қуаттарды іске қосу.

2. 2014 жылдан бастап хош иісті көмірсутектерін – жылына 133 мың тонна бензол, жылына 496 мың тонна көлемінде параксилол өндіру бойынша қуаттарды іске қосу.

3. 2016 жылдан кейін базалық мұнай-химия өнімін – жылына 500 мың тонна полипропилен және жылына 800 мың тонна полиэтилен өндіру бойынша қуаттарды і с к е қ о с у . » ;

«Саланы дамытудың негізі бағыттарында»: үшінші, төртінші және бесінші бөліктері мынадай р е д а к ц и я д а ж а з ы л с ы н :

«Осы мақсатта мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру көзделіп отыр:

Теңіз кен орнының (Атырау облысы) көмірсутек газын өндеуді көздейтін қуаты жылына 1,3 млн. тонна базалық мұнай-химия өнімін өндіру бойынша интеграцияланған газ-химия кешенін салу. Жобаны іске асыру мерзімі: 2009 – 2016 жылдар.

Ақтау пластикалық массалар зауытының базасында Қазақстанның климаттық жағдайына сәйкес келетін қуаты жылына 400 мың тонна жол битумы болатын (Қаражанбас ауыр мұнайын өндеу) битум зауытын салу (Маңғыстау облысы). Жобаны іске асыру мерзімі: 2010 – 2012 жылдар.

Атырау мұнай өңдеу зауытында хош иісті көмірсутектер: жылына 133 мың тонна бензол, 496 мың тонна параксилол өндіру кешенін салу. Жобаны іске асыру мерзімі: 2010 – 2014 жылдар.»;

«Кен металлургиясы саласында»:
«Ағымдағы ахуалды қысқаша талдауда»:
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Тау-кен металлургия кешенінің негізгі проблемалары: шикізат базасының сарқылуы, пайдаланылатын шикізат кешенділігінің төмендігі, негізгі өндірістік қорлардың тозу дәрежесінің жоғары болуы, қоршаған ортаның аса ластануы және технологиялық артта қалу, өндіруден бастап тауарлық дайындығының дәрежесі жоғары өнім шығаруға дейінгі толық өндіріс тізбегі бар интеграцияланған кешендердің болмауы, ішкі нарық сыйымдылығының аз болуы және бытыраңқы болуы, өнімнің энергияны, еңбекті және материалды көп қажетсінуі, инвентарлық қозғалыс құрамдарының жетіспеу.»;

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:
«Нысаналы индикаторлар

1. 2015 жылы металлургия саласының жалпы қосылған құнын минералдық шикізатты тереңдете өңдеу және жаңа бөліністер құру негізінде 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде 50 %-ға ұлғайту.

2. 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде металлургия өнеркәсібіндегі еңбек өнімділігін кемінде 15 %-ға арттыру. 3. 2008 жылғы деңгейге қарағанда металлургия өнімінің экспорт көлемін 30 %-ға арттыру»;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шараларында»:
алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қымбат бағалы металдарды және қымбат бағалы тастарды геологиялық зерттеу және барлау, оларды табу, өндіру, пайдалану мен айналымға шығару, сондай-ақ бағалы металдар мен тастардың сынықтары мен қалдықтарын дайындау саласындағы қатынастарды мемлекеттік реттеуді іске асыру үшін қымбат бағалы металдар мен тастар туралы нормативтік-құқықтық актілер әзірленетін болады.»;

«Химия өнеркәсібінде»:

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:
«Нысаналы индикаторлар

1. 2008 жылғы деңгейге қарағанда нақты мәндегі жалпы қосылған құнды кемінде 70 % - ға ұлғайту;

2. 2008 жылғы деңгейге қарағанда химия өнеркәсібі өнімінің экспорт көлемін кемінде 38 % - ға ұлғайту.

3. 2008 жылғы деңгейге қарағанда химия өнеркәсібі өнімдерінің өндірісіндегі еңбек өнімділігін нақты мәнде 2 есеге ұлғайту.»;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттарында»:

бірінші бөліктің төртінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«арнайы химикаттар мен тұтыну химиясы: жылына кемінде 15 мың тонна жарылғыш заттар, жылына кемінде 600 мың тонна биопрепараттар мен гуматтар өндірісін ұйымдастыру.»;

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Сол сияқты полимерлі конструкциялық материалдар, агрохимия заттары, антипирен, флотороагент, тұрмыстық химия, отынға арналған телімдер және құрылыс, химия, тоқыма өнеркәсібі, ауыл шаруашылығы, машина жасау мен экономиканың басқа салалары үшін басқа да шағын және орта тонналы жоғары технологиялық өнімдер өндірісін ұйымдастыру мәселесі қарастырылатын болады.»;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шаралары» мынадай редакцияда жазылсын:
«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шаралары Инфрақұрылыммен қамтамасыз ету

Оңтүстік Қазақстан облысында азот-фосфор тыңайтқыштарын өндіру зауыты құрылысының жобасын энергетикалық инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Жамбыл облысында кешенді минералды тыңайтқыштар өндіру зауытын, Оңтүстік Қазақстан облысында азот-фосфор тыңайтқыштарын өндіру зауытын салу жобаларын көлік инфрақұрылымымен қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету
Өндірістік кәсіпорындарда өндірістік тәжірибеден өту жүйесін енгізу мәселесі пысықталатын болады.

Отандық химия кәсіпорындарының технологиялары, өткізу, жабдықтау бойынша менеджерлерін жетекші шетелдік химия компанияларында тағылымдамадан өткізу жөніндегі мәселе пысықталатын болады.

Әкімшілік кедергілерді алып тастау
Өндірісті реттеу мен прекурсорлар айналымының химия өнімінің құнын қалыптастыруға әсерін азайту және қажетті рұқсаттар алу уақытын үнемдеу мақсатында осы саладағы рәсімдер жеңілдетілетін болады.

Техникалық регламенттерді енгізу
Кеден одағының химия саласындағы техникалық регламенттері, сондай-ақ осы техникалық регламенттерге айғақ базасы ретінде қабылдануы мүмкін стандарттар әзірленетін болады.

Инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу
Өнеркәсіптік зерттеулерді өткізуге гранттар бөлінеді.

Химия өндірісінің саласында мамандандырылған инжинирингтік компания құру мәселесі пысықталатын болады.

Тікелей инвестициялар үшін тартымды жағдай жасау

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының «Біріккен химиялық компания» ЖШС химия өнеркәсібінде Бағдарламаны іске асырудың негізгі операторы болады және иеліктен айырылатын жер қойнауын пайдалануға арналған құқықтарды алу, пайдалы қазбалар кен орындарын игеру мен әзірлеуге қатысу, халықаралық қаржы нарығында қажетті қарыз капиталын тартумен және стратегиялық инвесторларды іздеумен айналысу бөлігінде мемлекеттің мүддесін қамтамасыз етеді.

Химиялық өнім өндірісі бойынша инвестициялық жобаларға, шағын және орта бизнес кәсіпорындарына жеңілдетілген кредит беру мәселесі пысықталатын болады.

Отандық өндірушілердің минералды тыңайтқыштарын тұтынуды ынталандыру мақсатында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерді субсидиялау көлемі ұлғайтылады; жаңа химия өндірісі өнімін қоса отырып мемлекет мұқтаждығы үшін отандық әлеуетті жеткізушілерден сатып алынатын тауарлар (қызметтер, жұмыстар) номенклатурасын кеңейту бойынша қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін болады.

С а у д а с а я с а т ы

Экспортты қолдау мақсатында экспорттаушы химия кәсіпорындарын өндірілетін өнімді жылжытуға қаржылық және сервистік қолдау көрсету көзделетін болады.

Химия өнімдерін экспорттауға лицензия алу рәсімі жеңілдетіледі, әрбір министрлікте келісім беру мерзімі азайтылатын болады.

2011 – 2018 жылдар кезеңінде Еуропалық одақ елдері аумағына сары фосфор тасымалдау үшін цистерналардың жүрісіне арнайы рұқсат алу мәселесі(2011 жылдан бастап Еуропалық одақ елдерінде оларға тыйым салынуына байланысты) шешілетін болады .

Р е с у р с т ы қ к а м т а м а с ы з е т у

Химия өнеркәсібі үшін шикізат кен орындары бойынша іздестіру жұмыстары жүргізілетін болады.» ;

« А т о м ө н е р к ә с і б і н д е » :

«Негізгі міндет» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н е г і з г і м і н д е т

«Қазатомөнеркәсіп» Ұлттық атом компаниясы» акционерлік қоғамы базасында ядролық отын циклының тігінен интеграцияланған өндірістік кешенін құру.»;

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімдеріне сәйкес уран өндіру көлемін ұ л ғ а й т у .

2. Ресей Федерациясы аумағында изотоптарды бөлу бойынша жұмыс істеп тұрған кәсіпорында у р а н д ы б а й ы т у .» ;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттарында»:

2, 3 және 4-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Уран конверсиясы бойынша қызмет көрсетуге қатысу және озық конверсиялық технологияларға қол жеткізу арқылы ядролық отын тізбегінің осы кезеңінде өз орнын алу.

Осы мақсатқа қол жеткізу үшін жылына 6 000 тоннаға дейінгі уран гексофториді (UF₆) көлемінде уран конверсиясы бойынша қызметке қатысу үлесін алу арқылы шетелдік әріптестермен – конверсиялық технологиялар саласындағы әлемдік көшбасшылармен бірлесіп, уран конверсиясы бойынша жобаны іске асыру көзделіп отыр.

3. Уранды байыту бойынша қызметтерге қол жеткізуді қамтамасыз ету.

Байыту қуаттарына Қазақстан Республикасының қол жеткізуі міндетін шешу үшін байыту қуаттарынан үлесін немесе жылына кемінде 2,5 млн ЕРР уран байыту бойынша кепілді қызметтерді алуды көздейтін уран изотоптарын бөлу бойынша, шетелдік кәсіпорындарға оның ішінде қазақстандық уранды байыту бойынша жобалар шеңберінде қазақстандық ұйымдардың қатысуын іске асыру жоспарланып отыр.

4. Ядролық отын дайындау бойынша қызмет көрсетуге қатысу.

Қазақстан Республикасының ядролық отын дайындау бойынша қызмет көрсетуге қатысуы отын қуаттарының жаңасын салуды және істеп тұрғандарын дамытуды қоса алғанда, реакторлық технологиялар және атом энергетикасы саласындағы шетел компаниялары мен әлемдік көшбасшылар бірлескен халықаралық жобаларды іске асыру жолымен ядролық отын және оның құрауыштарының өндірісінде жылына кемінде 200 тонна (уранда) үлес алу арқылы қамтамасыз етілетін болады.»;

«1.2 Ішкі сұраныс негізінде салаларды дамыту» деген кіші бөлімде:

«Машина жасауда»:

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикаторлар

1. Машина жасауда 2008 жылдың деңгейіне қатысты нақты мәндегі жалпы қосылған құнды 67 %-ға ұлғайту.

2. Машина жасау саласындағы еңбек өнімділігін 2008 жылдың деңгейіне қатысты нақты мәнде 2,7 есеге ұлғайту.»;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Саланы дамытудың негізгі бағыттары

Шығарылатын ассортиментті кеңейту жөніндегі икемді өндірістер құру мақсатында жұмыс істеп тұрған кәсіпорындарды жаңғырту және машина жасау өнімінің жаңа түрлерін игеру.

Бөлшектер мен құрамдас бөліктер өндірісін игеру арқылы жергіліктендіру деңгейін ұлғайта отырып, ірі құрастыру өндірістерін ұйымдастыру.

Қосылған құны жоғары машина жасау өнімін өндіру және сервистік қызмет көрсетуді (инжинирингті) дамыту бойынша қазіргі заманғы жаңа кәсіпорындар құру.

Көлік машинасын жасауда 2014 жылға қарай жергіліктендіру деңгейін 30 %-ға

дейін жеткізе отырып, жеңіл автомобильдер мен құрамдас бөліктерді құрастырып шығару ұйымдастырылады.

Темір жол машинасын жасауда локомотивтер, жүк вагондарын жасау ұлғаяды. Қуаты жылына 300 бірлікке дейінгі мамандандырылған платформа, жылына 200 бірлік хоппер-вагон өндіру игеріледі.

Темір жол машинасын жасаудың мұқтажы үшін жылдық шығару көлемі 30 мың тонна болатын ірі габаритті құйма өндіруді ұйымдастыру жөнінде жұмыс жүргізіліп жатыр.

Жылына көлемі 8 бірлік тікұшақ құрастыру өндірісі ұйымдастырылатын болады.

2015 жылға қарай жылына көлемі 2 бірлік ұшқышсыз ұшатын аппарат құрастыратын және техникалық қызмет көрсететін орталық ұйымдастыру мәселесі пысықталатын болады.

Ауыл шаруашылығы машиналарын жасауда 2014 жылға қарай комбайн жасау жылына 650 бірлікке дейін ұлғаятын болады, жылына 1 мың бірлік көлемінде трактор құрастырып шығару және аспалы жабдық жасау ұйымдастырылады. Елдің ірі облыстарында ауыл шаруашылығы техникасын сату және қызмет көрсету бойынша тоғыз сауда-сервистік орталықтан тұратын желі құрылады.

Мұнай-газ машиналарын жасауда 2014 жылға қарай құбыр арматурасын, сұйықтық сорғыштары мен ұтқыр бұрғылау қондырғыларын өндіру ұлғайтылады. Газ айдайтын агрегат (жылына 8 бірлік) және газ-турбина электр станциясын (жылына 6 бірлік) өндіру игерілді. 2010 жылы газ-құбыр қондырғылары мен жабдығын жөндеу мен сервистік қызмет көрсету жөніндегі зауыт іске қосылды.

Кен-металлургия машиналарын жасауда 2014 жылға қарай өнім шығару көлемі прокатты орнак, рольганг, шахталық гидробағандар, гидрожылжытқыштар өндірісі және гидравликалық және пневматикалық перфораторлар, өздігінен жүретін бұрғылау және тиеу-көлік жабдығын игере отырып, ұлғаятын болады.

Электр техникалық машиналарын жасауда 2014 жылға қарай аккумулятор, трансформатор және оқшаулағышпен оралған сым жасау өндірісі ұлғаятын болады. Қуаты 220 вольт және одан да жоғары трансформаторлар шығару игерілді.

Қорғаныс өнеркәсібінде 2014 жылға қарай бар проблемаларды шешуге және республиканың мемлекеттік қорғаныс тапсырысында жергілікті қамту үлесін айтарлықтай арттыру үшін нақты әлеуетті құруға бағытталған бағдарламалық шаралар іске асырылатын болады.

Қазақстанның қорғаныс-өнеркәсібі кешенінің кәсіпорындарын дамытудың негізгі бағыттары мемлекеттің әскери ұйымдарының әскери мақсаттағы тауарларына неғұрлым перспективалы қажеттіліктерімен анықталатын болады. Машина жасау өнімдеріне оның қолданылу циклін ұлғайту және елдің тұрақты жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз ету үшін кешенді техникалық қызмет көрсетуді жүргізу жөніндегі мәселе пысықталатын болады.

Мемлекеттік органдар мен қорғаныс кәсіпорындары әскери және қосалқы мақсаттағы қазақстандық өнім экспортын арттыру бойынша тиімді, келісілген шаралар қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

Мемлекет пен қорғаныс кешенінің қорғаныс өндірісі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының саны мен сапасын арттыруға бағытталған өзара іс қимылы ж а н д а н д ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Қорғаныс өнеркәсібі кәсіпорындары алдыңғы қатарлы технологияларды трансферттеуді және әскери және азаматтық мақсаттағы машина жасау өнімін өндіруді жергіліктілендіруді іске асыратын болады.

Астана қаласындағы «Локомотив құрастыру зауыты» акционерлік қоғамы базасында жылына 100 локомотив шығаратын қуаты бар локомотив құрастыру бойынша жоба іске асырылды. 2010 жылы алғашқы 30 локомотив шығарылды.

Қостанай облысында жылына 700 бірлік қуаты бар комбайн өндірісі игерілді.

Мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр: Шығыс Қазақстан облысында жылына 120 000 автомобиль құрастырып шығару және бөлшектер мен құрамдас бөліктер шығару жөніндегі технопарк.

Астана қаласында қуаты жылына 50 электровоз болатын электровоздар құрастырып шығару және бөлшектер мен құрамдас бөліктер шығару жөніндегі шағын және орта бизнес кәсіпорындарын дамыту;

Астана қаласында «Тальго» жолаушылар вагондарын шығару жөнінде зауыт салу.

Қорғаныс өнеркәсібінде 2014 жылға қарай бар проблемаларды шешуге және республиканың мемлекеттік қорғаныс тапсырысындағы жергілікті қамтудың үлесін барынша ұлғайту үшін нақты әлеует құруға бағытталған бағдарламалық шаралар іске а с ы р ы л а т ы н б о л а д ы .

Қазақстанның қорғаныс өнеркәсібі кешені кәсіпорындарын дамытудың негізгі бағыттары мемлекеттің әскери ұйымының әскери мақсаттағы тауарларына деген барынша перспективалы қажеттіліктермен айқындалатын болады.

Мемлекеттік органдар мен қорғаныс кәсіпорындары қазақстандық әскери мақсаттағы өнімдердің экспортын ұлғайту жөнінде тиімді, келісілген шаралар қ а б ы л д а й т ы н б о л а д ы .

Мемлекет пен қорғаныс кешенінің қорғаныс өндірісі саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарының саны мен сапасын ұлғайтуға бағытталған өзара іс-қимылы жанданатын б о л а д ы . » ;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шаралары» мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету

Шығыс Қазақстан облысында автоқұрауыштар шығару жөнінде автозауыт пен технопарк құрылысын қажетті жер учаскелерімен және инженерлік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету мәселесі пысықталатын болады.

Каспий өңірінде кеме құрылысын дамыту үшін инфрақұрылымды ұйымдастыру мәселесі пысықталатын болады.

Білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету
Білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету машина жасау саласы үшін мамандықтар бойынша кадрларға деген қажеттілік Қазақстанның жоғары оқу орындары мен техникалық және кәсіптік білім беру оқу орындарында кадрлар даярлау есебінен өтеліп отыр.

2013 жылы Өскемен қаласында 700 оқушы орынға арналған машина жасау саласы үшін өңіраралық кадрларды даярлау және қайта даярлау жөніндегі орталық пайдалануға беріледі.

Техникалық регламенттерді енгізу
Мыналардың: автокөлік құралдарының; объектілерді қорғау үшін өрт техникасының желдету жүйелерінің, төмен вольтті жабдықтардың; ауыл шаруашылығы және ағаш дайындау тракторларының, тіркемелері мен машиналарының; мұнай-газ кәсіпшілігінің бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарын; стационарлық компрессорлық тоңазыту қондырғыларының; ауыл шаруашылығы шикізатын және өсімдік шаруашылығы өнімін өңдеу жабдығының; ауыл шаруашылығы шикізатын және мал шаруашылығы өнімін өңдеу жабдығының; су жылытатын және бу қазандарының; шахталық көтеру қондырғыларының; көтергіш көлік құралдарының; қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың; лифтілердің қауіпсіздігіне қойылатын талаптар бойынша 14 техникалық регламент пен 169 мемлекеттік стандарт әзірленеді және енгізілетін болады (оның ішінде сынақ әдістеріне – 98, өнімге – 80 және менеджмент жүйесіне – 7).

Машина жасау өнімін өндіруді метрологиялық қамтамасыз ету және оның қауіпсіздігі мен сапасын бақылау үшін геометриялық шама мен физика-химиялық өлшемдердің мемлекеттік эталондары жаңғыртылады. Тиісті мемлекеттік органдар Кеден одағының шеңберінде техникалық регламенттерді әзірлеу кезінде отандық өндірушілердің мүддесін қолдау жөнінде белсенді саясат жүргізетін болады.

Инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу
Сегменттер бойынша кәсіпорындардың қажеттіліктеріне қызмет көрсету үшін 5 конструкторлық – ауыл шаруашылығы, кен-металлургия, көлік және мұнай-газ машиналарын жасау бюросын құру.

Машина жасау кәсіпорындарының негізгі қорларын жаңарту және технологиялық қайта жарақтандыру үшін жеңілдікті шартпен жабдықтар лизингі ұйымдастырылады.

Корпоративтік табыс салығы бойынша салық салынатын базаны ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстар бойынша нәтижелерді енгізу шығыстарының 150 %-на қысқарту жолымен ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды дамытуды ынталандыру.

Тікелей инвестициялар үшін тартымды жағдай жасау

Лизингтік компанияларға өндірісті қаржыландыру кезінде ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілердің өтінімдерді болмаса да, лизингке одан әрі беру үшін ауыл шаруашылығы техникасын отандық өндірушілерден сатып алуды іске асыруға мүмкіндік беру.

Осы саланың дамуын қолдау жер қойнауын пайдаланушылардың, ұлттық компаниялардың және мемлекеттік органдардың сала кәсіпорындарының тауарларын, жұмыстарын және қызметтерін басымдықпен сатып алуы және отандық машина жасау кәсіпорындарынан сатып алу шарттары бойынша 70 %-ға дейін ұлттық компаниялардың аванстық төлемін ұлғайту жолымен іске асырылатын болады.

Ауыл шаруашылығы техникасына ішкі сұраныс «ҚазАгроҚаржы» акционерлік қоғамы базасында отандық өндірістің техникасын жеңілдікті шартпен лизингке сатып алу есебінен қамтамасыз етілуде.

Отандық машина жасау өніміне ішкі сұраныс отандық машина жасау өнімін сатып алуға арналған кредиттер бойынша сыйақының бір бөлігін өтеу тетігін пысықтау арқылы, сондай-ақ жаңа отандық автомобиль техникасын және өзге де машина жасау өнімін сатып алуға даму институттары арқылы лизингтік қаржыландыру құралдарын енгізу жолымен қамтамасыз етіледі.

Автомобиль машинасын жасау өніміне атқарушы биліктің мемлекеттік органдары, олардың аумақтық органдары мен ведомстволық бағыныстағы мекемелері үшін автомобиль техникасын сатып алу мәселесі пысықталады.

Отандық машина жасау өніміне ішкі сұраныс жаңа отандық автомобиль техникасын сатып алуға лизингтік ставкаларды субсидиялау арқылы қамтамасыз етіледі.

«Астана – жаңа қала» арнайы экономикалық аймақ аумағында тікелей инвестицияларды қолдау мақсатында арнайы және екіұдай мақсаттағы өнімдер өндірісі орналастырылатын болады.

С а у д а с а я с а т ы

Қазақстандық машина жасау өнімдерін Өзбекстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түрікменстан, Ауғанстан нарықтарына ілгерілету.

Қазақстандық машина жасау өнімінің экспортын ілгерілету үшін қаржылық ынталандыру жасау.»;

«Фармацевтика өнеркәсібінде»:

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикаторлар

1. 2014 жылдың аяғына дейін ішкі нарықтағы отандық дәрілік заттарды нақты мәнде 50 %-ға дейін ұлғайту.

2. Саланың жалпы қосылған құнын нақты мәнде 2008 жылдың деңгейіне қатысты кемінде 90 %-ға ұлғайту.

3. Негізгі фармацевтикалық өнімдер өндірісі саласының еңбек өнімділігін 2009 жылдың деңгейіне қатысты нақты мәнде 14 %-ға арттыру.»;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттарында»:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жылына қуаты 18 млрд. бірліктен астам қатты дәрілік нысандар (таблеткалар, капсула, драже), инфузиялық ерітінділер – жылына 16 млн. бірлік; ампулалар – жылына 285 млн. дана, жұмсақ дәрі түрлері – жылына 30 тонна шығаратын жаңа өндірістер құрылады.»;

үшінші бөлік алып тасталсын;

төртінші және бесінші бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Мынадай инвестициялық жобаларды іске асыру жоспарланып отыр: Шымкент қаласындағы ампулалық-инфузиялық ерітінділерді қатты дәрілік нысандарды (таблетка, ампула, драже) және антибиотиктерді шығару жөніндегі өндірістерді GMP ережелеріне сәйкес кеңейту және жаңғырту.

Медициналық препараттар зауытының (Павлодар қаласы) өндірістік базасын GMP ережелеріне сәйкестендіру, сондай-ақ ампула мен антибиотиктер шығару жөніндегі жаңа желілерді іске қосу.»;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шараларында»:

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету

Фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындарында жұмыс істеу үшін 2014 жылының соңына дейін GMP ережелеріне сәйкес мамандар даярланады.»;

төртінші бөлік алып тасталсын;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Техникалық регламенттерді енгізу

2014 жылдың аяғына дейін дәрілік заттардың өндірісін іске асырушы республиканың фармацевтикалық өнеркәсіп кәсіпорындарында Тиісті өндірістік практика (GMP) ережесі, ал медициналық мақсаттағы бұйымдардың және медициналық техниканың өндірісін іске асырушы республиканың фармацевтикалық өндірістік кәсіпорындарында ISO 13485 жабдықтары енгізілетін болады.»;

тоғызыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

« С а у д а с а я с а т ы

Бірыңғай экономикалық кеңістік шеңберінде:

1) Еуропалық Одақтың аналогы бойынша дәрілік заттардың, медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық техниканың айналысы саласындағы заңнамалық базаны үйлестіру;

2) тиісті өндірістік практика (GMP) жағдайында өндірілген Кеден одағына мүше мемлекеттер өндірушілерінің дәрілік заттарының тіркеу куәліктерін өзара тануды қамтамасыз ету жұмыстары жүргізілуде.»;

«Құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіруде»:

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. Басқа металл емес өнімді өндіруде жалпы қосылған құнды 2008 жылдың деңгейіне қатысты нақты мәнде кемінде 60 %-ға ұлғайту.

2. Құрылыс материалдарының отандық өндірісінің үлесін 60 %-ға дейін ұлғайту.

3. Басқа металл емес өнім өндірісінде еңбек өнімділігін 2008 жылдың деңгейіне қатысты нақты мәнде 2,5 есе ұлғайту.»

«Саланы дамытудың негізгі бағыттарында»:

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Цемент өндірісінде жұмыс істеп тұрған және жаңа кәсіпорындарда цемент өндіру 2014 жылға қарай жылына 9 млн. тоннаға дейін жеткізіліп, цемент терминалдары с а л ы н а д ы . » ;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Керамика өндірісінде 2014 жылға қарай керамикалық тақташалар шығару жылына 3,5 миллион шаршы метрге дейін жеткізіледі.»;

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Индустриялық құрылыста индустриялық құрылыс комбинаттарын салу ж а л ғ а с т ы р ы л а д ы . » ;

жетінші бөліктің бесінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Маңғыстау облысы – «құрғақ тәсіл» бойынша цемент зауытының құрылысы – 1 0 0 0 м ы ң т о н н а / ж ы л . » ;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалау шараларында»:

сегізінші бөлік алып тасталсын;

он екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Саланы ғылыми-техникалық дамыту мақсатында құрылыс саласындағы жаңа технологияларды әзірлеуге бағытталған ғылыми зерттеулерді дамыту қамтамасыз е т і л е д і . » ;

он төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Отандық құрылыс материалдарына сұранысты қолдау және тұрғын үй құрылысын дамыту мақсатында индустриялық құрылыс комбинаттары шығаратын құрылыс материалдары, бұйымдары және конструкциялары негізінде энергетикалық тиімді материалдар мен технологияларды пайдалана отырып, көп қабатты және аз қабатты тұрғын үй құрылысы үшін үлгі жобалардың серияларын әзірлеу қамтамасыз етіледі.»;

«1.3 Экспорттық әлеуеті бар салаларды қолдау» деген кіші бөлімде:

« А г р о ө н е р к ә с і п к е ш е н і н д е » :

«Негізгі міндет» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н е г і з г і м і н д е т

Елдің бәсеке қабілетті агроөнеркәсіптік кешенін дамыту.

Экономиканың су секторын және су шаруашылығы саясатын дамыту.»;

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикаторлар»

1. Азық-түлік тауарларының отандық өндірісінің үлесін олардың ресурстарының жалпы көлемінің 75 % деңгейінде қамтамасыз ету.

2. Агроөнеркәсіп кешенінің жалпы қосылған құнын 2014 жылы нақты мәнде 2009 жылмен салыстырғанда кемінде 16 %-ға ұлғайту.

3. Ауыл шаруашылығындағы еңбек өнімділігін ауыл шаруашылығында жұмыс істейтін бір адамға шаққанда 360 мың теңгеден 2008 жылғы деңгейге қатысты нақты мәнде кемінде 2 есеге арттыру.

4. Агроөнеркәсіп кешенінің өнімін сатудан түскен экспорттық пайданы 2009 жылмен салыстырғанда 2015 жылға қарай 20 %-ға арттыру.»;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттарында»:
бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Саланы дамытудың негізгі бағыттары

Өсімдік шаруашылығы саласындағы стратегия дақылдарды өңдеудің ғылыми негізделген су ресурстарын үнемдейтін технологияларына көшу жолымен, саланың әртараптандырылуына, ауыл шаруашылық мәні бар жерлердің ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету, ауыл шаруашылығы айналымына жаңа және бұрын пайдаланылмаған жерлерді тарту арқылы ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру көлемін ұлғайтуға бағытталады.

Астық өндірісінің инфрақұрылымын дамытуға ерекше назар аударылатын болады, өйткені ауыл шаруашылығы өнімдерінің экспорты құрылымында астық дақылдарының үлесі мейілінше жоғары.

Элеваторлар мен астық тасығыштардың жеткіліксіз болу мәселесі астық өңдеуге және сақтауға, сонымен қатар оны тасымалдауға арналған қуаттарды құру мен кеңейту есебінен шешілетін болады.

Сонымен қатар астықты өндіретін ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын ынталандыру, неғұрлым терең қайта өңделген және қосылған құны жоғары өнімдердің өндірісі мен экспорты бойынша шаралар қабылданатын болады.

Өсімдік шаруашылығындағы саясат егіншілік өнімдерінің барлық түрлері бойынша, біріншіден, өсімдік майы, жемістер мен көкөністер бойынша елдің өзін-өзі толықтай қамтамасыз етуге жетуіне де бағытталады болады.»;
екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мал шаруашылығы саласында ірі қара мал етінің экспорттық әлеуетін арттыру және ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін етті мал шаруашылығын дамытуға ынталандыру бойынша жұмыс жалғастырылатын болады.

Асыл тұқымды базаны дамыту және мал мен құстың генетикалық әлеуетін арттыру, оның ішінде кейінгі репродукция үшін асыл тұқымды жануарлардың импорты есебінен арттыру жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.

Мал шаруашылығының дәстүрлі салаларын дамыту үшін отарлы мал

шаруашылығының, оның ішінде қой шаруашылығының дамуын ынталандыратын іс-шаралар кешені қабылданатын болады.

Сонымен қатар мал азығы өндірісін дамыту және тозған жайылымдық жерлерді қайта қалыптастыру, суландыру бойынша шаралар қабылданатын болады.»;

үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Отандық өнімнің сапасын арттыру, азық-түлік тауарларының ассортиментін кеңейту және сол арқылы Кеден одағы бойынша біздің негізгі сауда әріптестерімізбен бәсекелік қабілеттілікке бірдей шарттар құру үшін ауыл шаруашылық өнімдерін қайта өңдеу саласындағы өндірісті техникалық және технологиялық қайта жарықтандыру, халықаралық сапа стандарттарына көшу өзекті болып отыр.

Өнімді сақтау және тұтынушыларға дейін жеткізу логистикасын дамыту жолымен нарықты отандық өндірістің азық-түлік өнімдерімен одан әрі молықтыру, ауыл шаруашылығы тауар өндірушілерін кооперациялау жолымен дайындау, қайта өңдеу және сақтау пункттерін құру жөніндегі шаралар іске асырылатын болады.

Ветеринарияны дамытуға, сапаның жоғарғы стандарттары мен өнімдердің қауіпсіздігіне қол жеткізу мақсатында өсімдіктерді қорғау мен тамақ өнімдерінің қауіпсіздігіне ерекше назар аударылатын болады.»;

алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы және оныншы бөліктер алып тасталсын;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шаралары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шаралары
Инвестицияларды ынталандыру

Саланың дамуын экономикалық ынталандыру, оның инвестициялық тартымдылығын жоғарылату және ауыл шаруашылығы құрылымдары мен ауыл шаруашылығы өнімдерін өңдеу кәсіпорын техника-технологиялық жаңғырту үшін агроөнеркәсіптік кешен субъектілерін қолдау мынадай бағыттар бойынша жалғасады:

көктемгі егіс және астық жинау жұмыстарын жүргізу үшін қажетті жанар-жағармай материалдарының және басқа да тауарлық-материалдық құндылықтардың құнын арзандату;

агроөнеркәсіп кешені субъектілеріне берілетін кредиттер мен лизинг бойынша пайыздық ставканы арзандату;

өндірілетін өнім бағасын тұрақтандыру мақсатында астықты кепілдікпен сатып алуды қамтамасыз ету;

тұқым шаруашылығын дамыту;

жабық топырақта көкөніс өндіруге жұмсалатын шығындарды арзандату;

көп жылдық жеміс-жидек дақылдары мен жүзімді отырғызуға және өсіруге арналған шығындарды өтеу;

қазақстандық мақта талшығының сапасын сараптауға жұмсалатын шығындардың құнын арзандату;

ауыл шаруашылығы тауар өндірушілеріне су жеткізу жөніндегі қызметтердің құнын
а р з а н д а т у ;

мал шаруашылығының және тауарлық балық өсірудің өнімділігі мен өнімдерінің
с а п а с ы н а р т т ы р у ;

асыл тұқымды мал шаруашылығын дамыту;
ауыл шаруашылығы өнімінің өндірісін басқару жүйесін дамыту.

Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді қолдау жеңілдікті кредит және шағын
кредит беру, ауыл шаруашылығы техникасының, арнайы техниканың, ауыл
шаруашылығы өнімдерін қайта өңдеу жөніндегі жабдықтар, технологиялық жабдық
және асыл тұқымды мал лизингін дамыту, агроөнеркәсіп кешенінде сақтандыру
жүйесін дамыту, ақпараттық-маркетингтік қамтамасыз ету арқылы да іске асырылатын
б о л а д ы .

Аграрлық ғылымды және инновацияларды дамыту

Агроөнеркәсіп кешенінің басым бағыттары бойынша ғылыми зерттеулерді дамыту,
халықаралық ғылыми-зерттеу және инновациялық жобаларды іске асыру;

қазіргі заманғы әдістерді енгізу және аграрлық ғылымның инфрақұрылымын
дамыту әрі агротехнологиялардың трансферті мен коммерцияландырылуын
қамтамасыз ету жолымен ғылыми зерттеулер процестерін жеделдету, сондай-ақ білімді
тарату арқылы ғылыми әзірлемелерді өндіріске енгізу жүйесін дамыту, ғалым
қызметкерлердің қызметін ынталандыру және аграрлық ғылымға жас мамандарды
т а р т у .

Бәсекеге қабілетті кәсіпқой кадрлар даярлау

Ауылдық жерден келген азаматтарға арналған квоталар бойынша мемлекеттік
тапсырыс шеңберінде білім алған ауыл шаруашылығы мамандарының оқу орнын
аяқтағаннан кейін кем дегенде 3 жыл ауыл шаруашылығы ұйымдарында міндетті
жұмыс істеуін енгізу болжанады:

кейбір заңнамалық актілерге ауылдық елді мекендерге жұмыс істеуге және тұруға
келген ауыл шаруашылығы мамандарын әлеуметтік қолдау шаралары бойынша
өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы мәселені қарау;

аграрлық саланың қажеттіліктеріне сәйкес PhD докторларын, магистрлер мен
бакалаврлар, сондай-ақ ауыл шаруашылығы және ветеринариялық мамандықтардың
техникалық және кәсіптік білімі бар мамандар даярлауға мемлекеттік білім
тапсырысын ұлғайту мәселесін қарау.

Инфрақұрылымдық және ресурстық қамтамасыз ету

Аграрлық сектордың бәсекеге қабілетті инфрақұрылымын қалыптастыру
ш е н б е р і н д е :

елдің фитосанитариялық және ветеринариялық салауаттылығын қамтамасыз ету;
шаруашылық жүргізу жағдайларын жақсарту және ауылшаруашылығы өндірісін
ірілендіру, дайындау-өткізу құрылымын құру және кеңейту есебінен тауарлы өнімнің

өсімі үшін ынталандыру жасау;
су ресурстарын ықпалдастырылған басқару қағидаттарын есепке ала отырып, су ресурстарын пайдалану;

суландырудың озық әдістерін енгізу жолымен жердің мелиоративтік жай-күйін сақтау және жақсарту жөніндегі жұмыс жалғастырылатын болады.»;

«Жеңіл өнеркәсіпте»:

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикаторлар

1. Жеңіл өнеркәсіпте 2009 жылдың деңгейіне қатысты 2014 жылдың соңына қарай нақты мәндегі жалпы қосылған құнды 8 %-ға ұлғайту»;

2. Жеңіл өнеркәсіпте еңбек өнімділігін 2009 жылдың деңгейіне қатысты нақты мәнде кемінде 60 %-ға ұлғайту»;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттарында»:

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«жүн бұйымдарын өндіру жөнінде кіші салалар»;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шараларында»:

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ұлттық стандарттарды әзірлеу

Сапаның тиісті деңгейін қамтамасыз ету үшін жеңіл өнеркәсіп өнімдерін өндіру бойынша ұлттық стандарттар әзірленеді және енгізілетін болады.»;

«Туристік салада»:

«Ағымдағы ахуалды қысқаша талдауда»:

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстанның туристік имиджін қалыптастыру және ұлттық туристік өнімді әлемдік нарыққа ілгерілету жөнінде шаралар қабылданды. Осы мақсатта Қазақстанның Мадридте, Берлинде, Пекинде, Сеулде, Токиода және Лондонда өтетін аса ірі халықаралық туристік көрмелерге қатысуы қамтамасыз етіледі, CNN, BBC, Евроньюс и Дискавери тәрізді әлемнің жетекші телеарналарында жарнамалық бейнероликтер орналастырылады. Сонымен қатар, Алматы қаласында Қазақстандық халықаралық туристік жәрмеңке – КИТФ, Астана қаласында «Астана-Демалыс» көрмесі өткізіледі.»;

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикаторлар

1. Туристік қызмет саласында қызмет көрсететін ұйымдардың жиынтық табысын 2015 жылға қарай 2008 жылдың деңгейімен салыстырғанда 65 %-ға ұлғайту (67 720, 0 млн. теңге);

2. Туроператорлардың, турагенттердің және туризм саласында қызмет көрсететін басқа да ұйымдардың қызметі» саласының жалпы қосылған құнын 2015 жылға қарай 2008 жылғы деңгеймен салыстырғанда кемінде 88, 3 %-ға ұлғайту (11 706,5 млн. теңге)

» ;

«Мемлекеттік қолдаудың секторалдық және жобалық шараларында»:

бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік қолдаудың секторлық және жобалық шаралары

Инфрақұрылымдық және ресурстық қамтамасыз ету

Туризм индустриясының бәсекеге қабілетті инфрақұрылымын жасау шеңберінде:

көлік дәлізі бойымен жол бойындағы инфрақұрылым объектілерін салу үшін жергілікті атқарушы органдардың жер учаскелерін бөлуі қамтамасыз етіледі;

жаңадан құрылатын туризм индустриясы объектілеріне инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым жасалады;

тиісті әкімдік мақұлдаған жобаға сәйкес жол бойындағы инфрақұрылым объектілерін салу қамтамасыз етіледі;

жол бойындағы инфрақұрылым объектілерін салуға қойылатын талаптарды белгілеу мақсатында жол құрылысы саласындағы нормативтік құқықтық актілерге өзгерістер енгізу қамтамасыз етіледі.

Белсенді демалыс жағдайын дамыту үшін:

Алматы қаласы маңында орналасқан тау-шаңғы курортын дамытудың жүйелі ж о с п а р ы ;

Ақмола облысындағы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамытудың жүйелі ж о с п а р ы әзірленетін болады.»;

екінші бөліктің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Білікті кадрлық ресурстармен қамтамасыз ету

6 мамандық бойынша туристік сала үшін кадрларға қажеттілік оларды жоғары оқу орындарында және 41 техникалық және кәсіпкерлік білім беру оқу орындарында даярлау есебінен қанағаттандырылады.»;

үшінші бөліктің үшінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«коммуналдық меншік базасында бірыңғай туристік ақпараттық орталық құру м ү м к і н д і г і қ а р а л д ы . » ;

төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Инвестициялар үшін тартымды жағдайлар жасау

Туристік инфрақұрылымның құрылысындағы инвестициялық белсенділікті жоғарылату үшін Қазақстан Республикасының туристік тартымды өңірлерінде арнайы экономикалық аймақтар құру қажет.

Ақмола облысындағы Щучинск-Бурабай курорттық аймағын дамыту;

Алматы қаласындағы тау шаңғысы курорттарын дамыту;

«Батыс Еуропа – Батыс Қытай» халықаралық көлік дәлізінің бойында туристік к л а с т е р ж а с а у ;

Алматы, Ақтөбе, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарының аумақтарында жол бойындағы және туристік инфрақұрылым объектілерін салу к ө з д е л е д і . » ;

«1.4 Болашақ экономикасы» секторларын дамыту» деген кіші бөлімде:

«Ақпараттық және коммуникациялық технологияларда»:

«Саланың ағымдағы ахуалын қысқаша талдауда»:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстан Республикасында АКТ саласын дамытудың жоғары қарқыны мен оны жылдамдатуды қолдап отыру үшін мынадай бірқатар өзекті мәселелерді шешу қажет:

АКТ саласының нормативтік құқықтық базасы мен оны техникалық реттеуді жетілдіру; АТ-нарығының жалпы көлемінде тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді мемлекеттік органдар мен мемлекет қатысатын компаниялардың сатып алуындағы «жергілікті қамту» үлесін арттыру;

отандық нарықты білікті АКТ кадрлармен қамтамасыз ету; отандық АКТ саласының технологиялық әлеуетін дамыту;

АКТ саласының инвестициялық тартымдылығын арттыру.»;

«Негізгі міндет» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н е г і з г і м і н д е т

Ақпараттық коммуникациялық деңгейіне қатысты технологиялардың бәсекеге қабілетті импорт алмастырушы ұлттық саласын қалыптастыру.»;

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

2015 жылы ақпарат және байланыс саласында нақты мәндегі жалпы қосылған құнды 2008 жылғы деңгейге қатысты 79 %-ға арттыру»;

«Саланы дамытудың негізгі бағыттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Саланы дамытудың негізгі бағыттары

Қазақстан Республикасының АКТ саласында мынадай бағыттарды дамыту жоспарланады: электрондық қызметтер мен «электрондық үкіметті» дамыту, Интернет желісінің қазақстандық сегментін дамыту, отандық ақпараттық коммуникациялық технологияларды қалыптастыру және дамыту, отандық жоғары технологиялы жабдықтардың өндірісін дамыту, бағдарламалық қамтамасыз ету мен қызметтерді әзірлеу секторын дамыту, ақпараттық коммуникация саласындағы білім беруді дамыту, телекоммуникация желілерін дамыту.

Электрондық қызметтер мен «электрондық үкіметті» дамыту шеңберінде бизнес пен тұрғындардың қажеттіліктерін қамтамасыз ету, мемлекеттік органдардың жұмысын жеңілдету және оңтайландыру мақсатында:

«электрондық үкімет» нысаналық құрылымы құрылады;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының бірыңғай көліктік ортасын одан әрі дамыту қамтамасыз етіледі; мемлекеттік басқарудың ведомствоішілік, сонымен қатар, ведомствоаралық деңгейлерінде сақтау мерзімі 5 жылдан аспайтын құжаттарға арналған қағазсыз электрондық құжат алмасуға толық көшуі қамтамасыз е т і л е д і ;

салықтар мен айыппұлдарды онлайн, сондай-ақ ұтқыр құрылғылар арқылы төлеу қ а м т а м а с ы з е т і л е д і ;

Кеден одағы шеңберінде ақпарат алмасуға арналған ақпараттық коммуникациялық и н ф р а қ ұ р ы л ы м құрылды ;

элеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтердің бизнес процестері оңтайландырылды және автоматтандырылды ;

неғұрлым сұранысқа ие рұқсат құжаттарын электрондық форматта беру қамтамасыз е т і л д і .

Қазақстандық контентте тұрғындардың сұранысын қамтамасыз ету мақсатында Интернет желісінің қазақстандық сегментін дамыту шеңберінде: мемлекеттік органдардың порталдарын сүйемелдеу және дамыту; қазақ тілді контентті дамыту; ұлттық интернет-ресурстар, оның ішінде, жаңалықтар, мультимедиалық, элеуметтік ж е л і л е р құрылады .

Отандық жоғары технологиялық жабдықтарды өндіруді дамыту шеңберінде «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймағында ішкі сұранысты қамтамасыз ету мақсатында АКТ кластерді құру жоспарлануда.

Бағдарламалық қамтамасыз ету мен қызметтерді әзірлеу секторын дамыту шеңберінде «Инновациялық технологиялар паркі» арнайы экономикалық аймақ базасында бизнес пен мемлекеттің қажеттіліктерін қамтамасыз ету мақсатында: инновациялық ақпараттық жүйелер мен өнімдерді әзірлеуші және пайдаланушы к о м п а н и я л а р құрылады ;

АКТ саласын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйым (корпоративтік қор) құрылады.

Ақпараттық коммуникация саласындағы білім беруді дамыту шеңберінде саланың техникалық және кәсіптік деңгейдегі білікті мамандарға деген қажеттілігін қамтамасыз ету мақсатында Халықаралық ақпараттық технологиялар университетін дамыту қ а м т а м а с ы з е т і л е д і . » ;

«Мемлекеттік қолдаудың салалық және жобалық шаралары» мынадай редакцияда ж а з ы л с ы н :

«Мемлекеттік қолдаудың салалық және жобалық шаралары Білікті кадрлар ресурстарымен қамтамасыз ету

АКТ саласын жоғары білікті кадрлармен қамтамасыз ету үшін ақпараттық коммуникациялық мамандықтар бойынша мемлекеттік білім беру тапсырыстарының с а н ы н а р т т ы р у ;

халықаралық стандарттар базасында жоғары және кәсіптік-техникалық білім беру деңгейлерінде АКТ мамандар даярлаудың білім бағдарламаларын жетілдіру.

Техникалық регламенттерді енгізу

Еуразиялық экономикалық қауымдастықтың, Кеден одағының техникалық

регламенттерін енгізу және нормативтік базаны дамыту;
Ақпараттық коммуникациялар саласындағы стандарттар базасын халықаралық деңгейге дейін дамыту;
АКТ саласының нормативтік құқықтық базасы мен оны техникалық реттеуді жетілдіру.

Инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу инновациялық start-up жобаларды іске асыруға гранттар бөлу;
ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды жүргізуге мемлекеттік тапсырыс пен гранттар бөлу.

Саланың тартымды инвестициялық климатын құру:

Инновациялық технологиялар паркі, арнайы экономикалық аймақтар инфрақұрылымын қаржылық қолдау арқылы дамыту;

АКТ саласындағы жергілікті қамту үлесін арттыру мақсатында зияткерлік, инновациялық және инфрақұрылымдық орталар ретінде инновациялық технологиялар паркі, арнайы экономикалық аймақ аумағында АКТ кластер құру;

Бағдарлама шеңберінде іске асырылатын дата-орталықтардың құрылысы бойынша жобаларға арналған жер гранттарын бөлу;

мемлекеттік органдардың, ұлттық холдингтер мен компаниялардың, әлуетті құрылымдардың АКТ тапсырыстарын шоғырландыру және оларды АКТ-да жергілікті қамту үлесін арттыру мақсатында инновациялық технологиялар паркі, арнайы экономикалық аймақтар орналастыру;

Интернет желісінің қазақстандық сегментінде әлеуметтік жобаларды, оның ішінде, балаларға және жасөспірімдерге арналған желілерді мемлекеттік қаржыландыру;

«Ғарыш қызметінде»:

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

«Нысаналы индикаторлар

1. Бекітілген спутниктік байланысы арналарына елдің қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі - 80 % ,

2. Дәлдігі жоғары спутниктік навигация қызметін көрсетуге елдің қажеттілігін қанағаттандыру дәрежесі (Қазақстан аумағын жабу % - ы) -30 %.

3. Тұтынушыларға берілетін ғарыш деректерінің жалпы санындағы қазақстандық жерді қашықтықтан зондтау ғарыштық апараттар деректерінің үлесі – 27 %.

4. Ғарыш саласындағы сатып алынатын тауарлар, жұмыстар мен қызметтердегі жергілікті қамту үлесі – 70 %.

5. Ғарыш саласы қызметкерлерінің жалпы санына қатысты ғарыш қызметі саласындағы қазақстандық білікті мамандардың санын 50 %-ға дейін ұлғайту.

6. Ғылымды қажетсінетін кемінде 9 ғарыш технологиясын енгізу.»; «Баламалы энергетикада» :

«Ағымдағы ахуалды қысқаша талдауда»:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазіргі уақытта Қазақстанда жел электр станцияларын салу үшін 15 алаң зерттелді. Бұл алаңдардың барлығын көлемі 2 – 3 млрд. кВтс электр энергиясын өндіру үшін ірі жел парктерін салу үшін пайдалануға болады.»;

«Негізгі міндет» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н е г і з г і м і н д е т

Елдің энергия теңгерімінде қалпына келтірілетін энергия көздерінің (шағын гидроэлектр станциялары, жел электр станциялары, күн қондырғылары) үлесін ұлғайту.

» ;
«Саланы дамытудың негізгі бағыттары» мынадай редакцияда жазылсын:

«Саланы дамытудың негізгі бағыттары

Алғашқы жел электр станцияларын салу жөніндегі жобаларды іске асыру жоспарланып отыр. Ақмола, Жамбыл облыстары, Алматы облысының Жоңғар қақпасы мен Шелек дәлізі орналастырудың болжамды аудандары болып табылады. Өндірілетін электр энергиясының болжамды қуаты бірінші кезеңде 50-100 МВт құрауы мүмкін.

2015 жылға қарай сағатына 400 млн. кВт электр энергиясын шығаратын белгіленген қуатты 125 МВт жел парктерін салу көзделіп отыр.

2015 жылға дейін Республикада сағатына 150 млн. кВт электр энергиясын шығарады деп межеленген жалпы белгіленген қуатты 50 МВт-ден жоғары жаңа шағын ГЭС-ті пайдалануға беру жоспарланып отыр.

Қалпына келтірілетін энергия көздерін пайдаланатын объектілерден өндірілген электр энергиясын ескере отырып, қазіргі уақытта 2014 жылы қалпына келтірілетін энергия көздерінен электр энергиясын өндіру жылына 1 млрд. кВт.с. деңгейінде күтіліп о т ы р .

Сонымен қатар ағымдағы жылы Алматы және Оңтүстік Қазақстан облыстарында шағын ГЭС салу жобаларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі жұмысты да жалғастыру күтіліп отыр .

Қалпына келтірілетін энергия көздерін пайдалану жөніндегі объектілерді орналастыру жоспарын әзірлеу көзделіп отыр.

Қазақстанның алғашқы жел атласын жетілдіру және кеңейту жөніндегі жұмыс жалғастырылса, болады .

Жаңартылған энергия көздерін пайдалануды қолдау облыстарында заңды жетілдіру көзделуде . » ;

« А т о м э н е р г е т и к а с ы н д а » :

«Негізгі міндеттер» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н е г і з г і м і н д е т т е р

1. Атом энергетикасының инфрақұрылымын дамыту.

2. Атом саласы үшін жоғары технологиялық жаңа жобаларды әзірлеу және іске а с ы р у .

3. Атом ғылымы мен технологиясын дамыту.

4. Атом энергетикасының және ядролық технологиялардың дамуына байланысты халықтың денсаулығын қорғау.»;

«2. Басым секторлардың дамуын қолдаудың түйінді шаралары» деген кіші бөлімде: үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Ақша-несие және фискалдық саясаттың келісімді болуы экономикалық саясаттың негізгі бағыттары туралы Үкімет пен Ұлттық Банктің жыл сайынғы бірлескен мәлімдемелерін қабылдаумен қамтамасыз етіледі.»;

«2.1 Энергетика инфрақұрылымымен қамтамасыз ету» деген кіші бөлімде:

«Ағымдағы ахуалды қысқаша талдау» мынадай редакцияда жазылсын:

«Ағымдағы ахуалды қысқаша талдау

Электр энергиясын өндіруді ұлттық маңызы бар, өндірістік және өңірлік мақсаттағы, әркілі меншік нысанындағы жалпы белгіленген қуаты 18 992,7 МВт құрайтын, қолда бар қуаты 14 558,0 МВт құрайтын 59 электр станциясы іске асырады, электр станцияларының 80 %-ы көмірмен жұмыс істейді.

2009 жылдың қорытындылары бойынша елдің электр станцияларында электр энергиясын өндіруі 78,4 млрд. кВт/сағ, ал тұтыну 77,9млрд. кВт/сағ. құрады. Қазақстанның Бірыңғай электр энергетикалық жүйесі (бұдан әрі – Қазақстан БЭЖ) энергетикалық кешеннің негізі болып табылады.

Қазақстан БЭЖ – бұл ортақ жұмыс режимімен, бірыңғай орталықтандырылған оралымды-диспечерлік және аварияға қарсы басқарумен, дамуды жоспарлаудың бірыңғай жүйесімен, техникалық саясатпен, нормативтік-технологиялық және құқықтық реттеумен біріктірілген электр станциялары мен электр желілерінің кешені. Қазақстан БЭЖ шартты түрде 3 энергетикалық аймаққа бөлінеді:

энергетикалық шаруашылығы ортақ желімен біріккен және Ресеймен байланысы дамыған Ақмола, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан, Қарағанды, Қостанай, Павлодар және Солтүстік Қазақстан облыстарын қамтитын солтүстік аймақ;

ортақ энергетикалық желімен біріккен және Қырғызстанмен, Өзбекстанмен байланысы дамыған Алматы, Жамбыл, Қызылорда және Оңтүстік Қазақстан облыстарын қамтитын оңтүстік аймақ;

энергетикалық шаруашылығы Ресеймен байланысатын Атырау, Батыс Қазақстан және Маңғыстау облыстарын қамтитын батыс аймақ. Маңғыстау, Атырау және Батыс Қазақстан облыстары ортақ электр желісімен біріккен.

БЭЖ солтүстік аймағының энергиясы мол, себебі осы аймақта Павлодар облысының ірі электр станциялары – Экібастұз ГРЭС-1 және ГРЭС-2 орналасқан.

Оңтүстік аймақта энергия тапшы, оны жабу Солтүстік аймақтан 500 кВ «Қазақстанның Солтүстігі – Оңтүстігі» транзиттеу арқылы іске асырылады.

Электр энергетикасы саласы активтерінің тозу деңгейі жоғары, оның ішінде:

генерациялық жабдық – 70 %;

электрлік желілер – 65 % тозған.

Электр станцияларының электр генерациялайтын жабдықтарының одан әрі тозуына байланысты, 2009 жылдың мамырынан бері салаға инвестициялардың болмауына байланысты электр энергетикасында тариф белгілеудің жаңа тетігі енгізілді, онда энергия өндіретін ұйымдар үшін электр энергиясына арналған шекті, есептік және жеке тарифтерді енгізу және тиісінше электр өндіретін ұйымдардың энергия жинақтайтын қуаттарын қайта құру, жаңғырту, кеңейту және жаңадан салу жөніндегі инвестициялық міндеттемелерін орындауы көзделген.

2009–2015 жылдар аралығындағы кезеңде энергия өндіретін ұйымдардың 13 тобы бойынша жылдарға бөлінген электр энергиясына арналған шекті тарифтер бекітілді, олар саланың инвестициялық тартымдылығын қамтамасыз етуді ескере отырып, жыл с а й ы н т ү з е т і л у і т и і с .

Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі мен энергия өндіретін ұйымдар арасында 85,584 млрд. теңгеден астам көлемде 2010 жылға арналған шекті тарифтер шеңберінде инвестициялардың жалпы сомасына инвестициялық міндеттемелерді орындау туралы 39 келісімге қол қойылды.

Жаңа электр станцияларын салу сияқты ірі ауқымды инвестициялар іске асырылған жағдайда инвесторлар есептік тариф немесе жеке тариф бойынша жұмыс істей алады.

Жаңа тариф белгілеу тетігін енгізу саланың инвестициялық тартымдылығын көтеруге, салаға инвестициялар тарту үшін жағдайлар жасауға және энергия өндіретін ұйымдардың инвестициялар қайтарымдылығын қамтамасыз ету жөніндегі мүмкіндіктерін есептеуге мүмкіндік береді.»;

«Іс-қимылдар стратегиясында»:

бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Энергия тапшылығы мәселесін шешу үшін Батыс Қазақстанда Орал ГТЭС-ін енгізу және Атырау ЖЭО кеңейту, елдің оңтүстік өңірлерінде 2012 жылы Мойнақ ГЭС-ін және Ақшабұлақ ГТЭС-ін енгізу, 2017 жылы Балқаш ЖЭС-інде екі энергоблокты енгізу, бірқатар электр желілері объектілерін салу, оның ішінде «Алма» қосалқы станциясы мен Мойнақ ГЭС-інің қуаттарын беру бойынша электр беру желілерін салу болжанып отыр, электр желілер мен төмендетуші қосалқы станцияларды қайта жаңарту іске асырылады.

Сонымен қатар 500кВ Солтүстік – Шығыс – Оңтүстік транзиттік жобасын іске асыру мәселесі қаралады.»;

алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Мынадай жобаларды іске асыру көзделеді.

1. Атырау ЖЭО. Қуаты 75МВт. Іске асыру мерзімі: 2006 – 2010 жж.
2. Орал ГТЭС. Қуаты 54МВт. Іске асыру мерзімі: 2010 – 2012 жж.
3. Балқаш ГЭС. I модульдің қуаты 1320 МВт. Іске асыру мерзімі: 2010 – 2017 жж.
4. Мойнақ ГЭС. Қуаты 300 МВт. Іске асыру мерзімі: 2006 – 2012 жж.

5. Ақшабұлақ кен орнындағы ГТЭС. Қуаты 87 МВт. Іске асыру мерзімі: 2010 – 2012 ж ж .
6. Екібастұз МАЭС-2 (№ 3 болктың құрылысы). Қуаты 525 МВт. Іске асыру мерзімі : 2 0 1 0 – 2 0 1 4 ж ж .
7. Екібастұз МАЭС-1 (№ 8 болкты қалпына келтіру). Қуаты 500 МВт. Іске асыру мерзімі: 2 0 1 0 – 2 0 1 2 ж ж .
8. Ақсу ГРЭС-нің № 2 блогын қалпына келтіру. Қуаты 325 МВт. Іске асыру мерзімі: 2 0 0 9 – 2 0 1 1 ж ж .
9. Шардара ГЭС-ін жаңғырту. Іске асыру мерзімі: 2010 – 2015 жж.
10. Мойнақ ГЭС-інің қуатын беру. Іске асыру мерзімі: 2010 – 2012 жж.
11. Қазақстан ҰЭЖ-ге қосу арқылы 500, 220 кВ. желілері бар 500кВ Алма қосалқы станция құрылысы. Іске асыру мерзімі: 2010 – 2014 жж.
12. Қазақстан ұлттық электр желісін жаңғырту, II кезең. Іске асыру мерзімі: 2010 – 2 0 1 6 ж ж .
13. Азиада–2011 үшін Алматы қаласында және Алматы облысында трансформаторлық қосалқы станциялар салу. Іске асыру мерзімі: 2 0 0 9 – 2 0 1 1 ж ж .
14. 500 кВ. жоғары вольтті Солтүстік – Шығыс – Оңтүстік транзитін салу. Іске асыру мерзімі: 2011 – 2018 жж.»; «2.2 Көліктік инфрақұрылыммен қамтамасыз ету» деген кіші бөлімде :
«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:
« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р
1. Көлік бойынша 2008 жылдың деңгейіне қатысты жалпы қосылған құнды нақты м ө н д е 3 8 %-ға ұ л ғ а й т у .
2. Республикалық маңызы бар шамамен 3,9 мың км автожолды қайта жаңғырту және 5,6 мың км автожол мен жергілікті маңызы бар 11,5 мың км жолды жөндеу.
3. Автожолдардың республикалық желісінің 83 %-ы және жергілікті желісінің 68 % -ы жақсы және қанағаттанарлық жағдайда.
4. Республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының жекелеген учаскелерінде а қ ы л ы ж ү й е е н г і з у .
5. 4 3 9 км темір жол салу ;
6. Қазақстан Республикасының аумағы арқылы темір жол көлігінде транзиттік тасымалдау көлемін 25 %-ға ұ л ғ а й т у .
7. 2015 жылға қарай жүк қатынасының жылдамдығын 15 – 20 %-ға, ал негізгі халықаралық көлік дәліздері бойынша 20 – 30 %-ға ұ л ғ а й т у .
8. 2015 жылға қарай республиканың 11 әуежайында ұшу-қону жолақтарын, жолаушылар және жүк терминалдарын қайта жанартуды (салуды) жүргізу.
9. 2010 жылмен салыстырғанда халықаралық әуе қатынастарының санын екі есеге ұ л ғ а й т у .

10. 2015 жылға қарай сауда флотының санын 13 бірлікке дейін жеткізу, оның ішінде
9 танкерге, 2 құрғақ жүк кемесіне және 2 паромға;
11. 2015 жылға қарай мемлекеттік техникалық өзен флотының 24 бірлігін жаңарту
ж ә н е ж а ң ғ ы р т у .
12. 2014 жылыға қарай Өскемен, Бұқтырма және Шұлбі шлюздерін қайта жаңарту
ж ә н е ж а ң ғ ы р т у .
13. 2014 жылға қарай теңіздегі кеме қозғалысын және құтқару операцияларын
б а с қ а р у ж ү й е с і н құ р у .
14. 2015 жылға қарай халықаралық тасымалдауда 650 АТС-ты цифрлық
т а х о г р а ф а р м е н ж а б д ы қ т а у . » ;
- «Іс-қимылдар стратегиясында»:
- екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«жаңа учаскелер салу және қолданыстағы темір жол учаскелерін жаңғырту арқылы
желіні оңтайландыра отырып қозғалыс қауіпсіздігі мен жылдамдығының әлемдік
с т а н д а р т т а р ы н а с ә й к е с т е н д і р у ; » ;
- үшінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
- «Автожол саласында мынадай жобалар іске асырылатын болады: «Батыс Еуропа –
Батыс Қытай», «Омбы – Павлодар – Майқапшағай», «Ақтау – Түрікменстан шекарасы»
, «Щучье – Көкшетау – Петропавл», «Ресей Федерациясының шекарасы – Орал–
Ақтөбе», «Астана – Қостанай – Челябині» және «Астана – Ерейментау – Шідерті» негізгі
т р а н з и т д ә л і з д е р і н і ң а в т о м о б и л ь ж о л д а р ы н қ а й т а ж а ң а р т у ;
- «Алматы – Өскемен», «Қызылорда – Павлодар – Успен – Ресей Федерациясының
шекарасы», «Үшарал – Достық», «Бейнеу – Ақжігіт –Өзбекстан шекарасы»
республикалық маңызы бар автомобиль жолдарының учаскелерін қайта жаңарту,
сондай-ақ жергілікті автожолдар желісін қайта жаңарту шараларын іске асыру.»;
- бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
- «Темір жол саласында «Өзен – Түрікменстанмен мемлекеттік шекара, Жетіген –
Қорғас темір жол желілерін салу жобалары іске асырылатын болады, сондай-ақ 2010
жылы ұзақтығы 1200 километр Жезқазған – Бейнеу және Арқалық – Шұбаркөл жаңа
т е м і р ж о л д а р ы н с а л у б а с т а л а д ы . » ;
- алтыншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
- «Азаматтық авиация саласында Қызылорда, Көкшетау, Семей, Қостанай, Орал,
Талдықорған, Петропавл Өскемен және Ақтау қалаларындағы 9 әуежайда ұшу-кону
жолағын қайта жаңартудан өткізу, Көкшетау және Орал қалаларында жолаушылар
терминалдарын қайта жаңарту және Алматы, Шымкент қалаларының әуежайларында
жаңа жолаушылар терминалдары мен Атырау қаласында жаңа жолаушы және жүк
т е р м и н а л ы н с а л у ж о с п а р л а н у д а . » ;
- «Техникалық реттеуде»:
- екінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«2013 жылға қарай автомобиль көлігі саласында Евро-3 экологиялық стандарты, қозғалыстағы автокөлік құралдарын автоматтандырылған өлшеу жүйесі енгізілетін болады, халықаралық тасымалдарда цифрлық тахографтар енгізіледі.»;

«Заңнаманы жақсарту» мынадай редакцияда жазылсын:

« Заңна маны ж е т і л д і р у

М ы н а д а й :

1. Жеке сектордың қызметін ынталандыру мақсатында рұқсат беру функцияларын қысқарту, кеме қатынасы компанияларының шетел азаматтарын кеме экипаждарының құрамына тарту құқығын ұзарту бөлігінде «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы»;

2. Цифрлық тахографтарға электронды карточкалар беру функцияларын ККМ құзыретінен карточкаларды уәкілетті дайындаушының құзыретіне беру бөлігінде «**А в т о м о б и л ь к ө л і г і т у р а л ы**» .

3. Реформалауды жүргізу және темір жол көлігінің жаңа субъектілерін айқындау бөлігінде «Темір жол көлігі туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына өзгерістер е н г і з і л е д і .

4. «Қазақстан Республикасының әуе кеңестігін пайдалану және авиация қызметін туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылдау.»;

«2.3 Ақпараттық коммуникациялармен қамтамасыз ету» деген кіші бөлімде «Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. Жергілікті телекоммуникация желілерін цифрландыру деңгейін 100 %-ға а р т т ы р у .

2. Интернет желісіне тіркелген кең жолақты қолжетімділік абоненттерінің т ы ғ ы з д ы ғ ы – 1 0 0 а д а м ғ а 1 5 ;

3. Ұялы байланыс абоненттерінің тығыздығы – 100 адамға 135.

4. Тұрғындардың компьютерлік сауаттылық деңгейін 52 %-ға дейін арттыру.

5. Әлеуметтік маңызы бар мемлекеттік қызметтерді электронды нысанға көшіруді 1 0 0 % қ а м т а м а с ы з е т у ;

6. Республиканың тұрғындарының 95 %-ын цифрлық эфирлік таралымды қабылдау мүмкіндігімен қ а м т а м а с ы з е т у ;

7. Тіркелген телефон желілерінің тығыздығы – 100 тұрғынға 26,8.

8. Интернет пайдаланушылардың тығыздығы – 100 тұрғынға 54,7.

9. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдарда қағазсыз құжат айналымына көшу – 100 % (сақтау мерзімі 5 жылдан аспайтын құжаттар үшін).»

«Іс-қимылдар стратегиясы» мынадай редакцияда жазылсын:

« І с - қ и м ы л д а р с т р а т е г и я с ы

Ақпараттық коммуникацияның дамыған инфрақұрылымы Қазақстан экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал етеді әрі корпоративтік секторды дамытуда және бірқатар басқа әлеуметтік міндеттерді шешуде маңызды орын

а л а д ы :

телекоммуникация қызметтеріне (цифрлық телевизия, Интернетке кең жолақты қолжетімділік) деген ішкі сұранысты қамтамасыз ету мақсатында ақпараттық коммуникациялық инфрақұрылымды жаңғырту және дамыту; веб-хостинг қызметтеріне, деректерді бастапқы және резервтік сақтауға және сыртқы нарыққа кезең-кезеңмен өтуге деген сұранысты қамтамасыз ету мақсатында есептеу орталықтарын дамыту.

Телекоммуникациялық инфрақұрылымды дамыту шеңберінде Қазақстан Республикасының бүкіл халқы үшін телефон байланысы және Интернет желісіне қол жеткізу қызметтеріне қосылу мүмкіндігі қамтамасыз етілетін болады.

Халықтың қалың бұқарасын, Интернет желісіне қолжетімділікті қоса алғанда, байланыс қызметтерімен қамтамасыз ету мақсатында:

3G, CDMA-450/800 және LTE (4G) технологияларын пайдалана отырып, Интернет желісіне сымсыз кең жолақты қолжетімділік желілерін енгізу және дамыту;

FTTH, FTTB технологияларын пайдалана отырып, барлық облыс орталықтарында Интернет желісіне қолжетімділік желілерін тіркелген кең жолақты дамыту;

CDMA-450/EVDO технологиясын пайдалана отырып, телекоммуникация желілерін дамыту үшін 450 МГц диапазонындағы радиожілік спектрін босату.

Үшінші буындағы 3G ұялы байланыс стандарты 2015 жылдың соңына дейін тұрғындарының саны 10 000 және одан көп елді мекендерде пайдалануға енгізіледі.

Сондай-ақ, 2015 жылғы 1 қаңтарға дейін LTE технологиясы базасында Астана, Алматы қалаларында, облыс орталықтарында, тұрғындарының саны 50 000-нан артық елді мекендерде 4G жаңа буындағы ұялы байланыс стандарты енгізіледі.

2015 жылдың соңына дейін телефон байланысы қызметтерімен толық қамтуды және Интернет желісіне қол жеткізуді қамтамасыз ету мақсатында барлық ауылдық елді мекендерде CDMA-450/EVDO стандарты енгізіледі. 2015 жылы ауылдық байланыстың телекоммуникация желілерінің базалық станцияларының жалпы саны 900-ге жетеді.

Мыналар басты жобалар болып табылады:
«электрондық үкіметті» дамыту;

Цифрлық телехабар таратуды енгізу;

Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының бірыңғай көліктік ортасымен өңірлердің қамтылуын қамтамасыз ету;

FTTH, FTTB технологияларын пайдалана отырып, Интернет желісіне тіркелген кең жолақты қолжетімділік желісін дамыту;

CDMA-450/EVDO технологиясын пайдалана отырып, ауылдық байланыстың телекоммуникация желісін жаңғырту;

мемлекеттік органдар үшін хостинг қызметтерін көрсету үшін серверлік платформа қ ұ р у ;

серверлік орталықты технологиялық жабдықтауды аяқтау және резервтік серверлік

о р т а л ы қ к Ұ р у ;

3G және LTE (4G) технологияларын пайдалана отырып, Интернет желісіне сымсыз кең жолақты қолжетімділік желілерін енгізу және дамыту.

радиожиілікті спектрді мониторингілеу жүйесін жаңғырту;

коммерциялық дата-орталықтар құру;

«Кеден одағы шеңберінде ақпарат алмасу бойынша мемлекетаралық шлюз» АЖ

к Ұ р у ;

Инновациялық технологиялар паркі, арнайы экономикалық аймақ аумағында АКТ-кластердің бірінші кезегін салу;

мемлекеттік «бұлттық» тұғырнаманың бірінші кезегін құру;

Инновациялық технологиялар паркі салаларын дамытуға бағытталған іс-шараларды іске асыру үшін коммерциялық емес, мемлекеттік емес ұйымдар (корпоративтік қор)

к Ұ р у . » ;

«2.4 Минералдық–шикізат кешенін дамыту» деген кіші бөлімде: «Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. Пайдалы қазбалардың негізгі түрлерінің қорын толтыру пайызы (анықталған қорлардың аяқталғандарына қатынасы, өсу бойынша) 2014 жылы – 50 %.

2. Қазақстан Республикасының аумағын өңірлік геологиялық зерттеулер жүргізу үшін қолжетімді қамту пайызы 2009 жылғы 78 %-дан 2014 жылы 95 %-ға дейін.»;

«2.5 Білікті кадр ресурстарымен қамтамасыз ету» деген кіші бөлімде:

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. Заманға сай жабдықтармен жарақталған оқу орындарының үлесін 70 %-ға дейін ұлғайту .

2. Оқу орындары кәсіптік білім берудің мемлекеттік тапсырыс бойынша оқыған, жұмысқа орналастырылған түлектерінің үлесін 78 %-ға дейін ұлғайту.

3. Экономиканың басым секторларында қазіргі заманғы 100 кәсіптік стандарт ә з і р л е у

4. Техникалық және кәсіптік білім беретін оқу орындары үшін жоғары оқу орындарында кадрлар даярлауға арналған мемлекеттік білім беру тапсырысы есебінен 5000 оқытушы мен өндірістік оқыту шеберін даярлауды қамтамасыз ету.

5. 2014 жылға қарай шетелдік жұмыс күшінің құрамындағы біліктілігі жоғары жұмыс күшінің үлес салмағы – 47 % .»;

«Іс-қимылдар стратегиясында»:

оныншы бөлік алып тасталсын;

«2.6 Әкімшілік кедергілерді азайту» деген кіші бөлімде:

«Нысаналы индикаторларда»:

4 - т а р м а қ а л ы п т а с т а л с ы н ;

«2.7 Бәсекелестікті дамыту» деген кіші бөлімде:
 «Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:
 « Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. Тауар нарықтарына талдаулар жүргізу

	Өлшем бірлігі	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Тауар нарықтарына талдаулар жүргізу	бірлік	20	20	20	20	20

2. Адал бәсекелестікті қорғау (насихаттау)

	Өлшем бірлігі	2010 жыл	2011 жыл	2012 жыл	2013 жыл	2014 жыл
Әділ бәсекелестіктің артықшылықтары және негізгі қызмет бойынша жұмыс нәтижелері туралы ақпараттық материалдар әзірлеу (БАҚ тағы жарияланымдар, телевизия мен радиода сөз сөйлеу)	бірлік	120	144	500	505	510
Бизнес пен мемлекеттік органдар өкілдері үшін монополиялық қызметті шектеу және жосықсыз бәсекеге жол бермеу жөніндегі қоғамдық іс-шаралар (оның ішінде конференциялар, дөңгелек үстелдер, семинарлар)	бірлік	40	50	55	60	65

3. Табиғи монополиялар субъектілерінің реттелетін қызметтерінің (тауарларының, жұмыстарының) тізбесін жылына 1 бірлікке қысқарту.»;
 «2.8 Техникалық реттеу және сапа инфрақұрылымын құру» деген кіші бөлімде:
 «Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:
 « Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

1. Жыл сайын стандарттау бойынша кемінде 500 нормативтік құжат әзірлеу және қ а б ы л д а у .
2. 2014 жылға дейін жыл сайын техникалық регламенттер мен стандарттарды енгізу бойынша 16 өңірлік жоспарды іске асыру.
3. 2014 жылға қарай менеджмент жүйесін енгізген және сертификаттаған кәсіпорындар санын 2035-тен 4400-ге дейін ұлғайту (2010 жылы 3578, 2011 жылы 3900, 2012 жылы 4000, 2013 жылы 4200, 2014 жылы 4400).
4. 2014 жылға қарай кемінде 30 мемлекеттік эталон мен эталондық жабдықтарды 60 мәрте жаңғырту (толық жарақтандыру).»;

«2.9 Энергия үнемдеу» деген кіші бөлімде:
 «Ағымдағы ахуалды қысқаша талдауда»:
 т о ғ ы з ы н ш ы б ө л і к т е :
 үшінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«энергия тұтынудың есебін жүргізу мен бақылауды, энергетикалық ресурстарды есепке алу құралдарын орнатуды ынталандыруды есепке ала отырып, тарифтік реттеу шараларын жетілдіру, сондай-ақ энергия тұтыну стандарттарын белгілеу және кеңінен

қолданылатын энергия тұтынатын аспаптар мен жабдықтардың энергияны жұмсау нормативтеріне сәйкестігі тұрғысынан оларды міндетті түрде сертификаттау; кәсіпорындардың тұрақты энергетикалық аудитін жүргізу (ірі кәсіпорындар үшін міндетті);»;

жетінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«тәжірибе алмасу бойынша конференциялар, семинарлар мен көрмелер өткізу, бұқаралық ақпарат құралдарында энергия үнемдеуді насихаттау және т.б.»;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Энергияны үнемдеу және энергияны тиімді пайдалану жөніндегі іс-шаралар аумақтарды дамыту бағдарламаларының және мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының міндетті бөлігіне айналуға тиіс.»;

он екінші бөлік алып тасталсын;
«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын
«Нысаналы индикаторлар

1. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасы Заңын іске асыру мақсатында заңға тәуелді актілерді әзірлеу және қабылдау.

2. «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес міндетті түрде энергия аудитін өтуі тиіс ірі кәсіпорындар бойынша мемлекеттік энергетикалық тізілім жасау.

3. Облыстар, Астана және Алматы қалалары әкімдіктерінің энергия үнемдеу жоспарларын әзірлеуі.»;

«Іс-қимылдар стратегиясында»:
төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бұл кезеңде «Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын, Заңды іске асыру үшін бірқатар нормативтік құқықтық актілерді қабылдау, сондай-ақ мемлекеттік энергия үнемдеу тізілімін ұйымдастыру және ірі отын энергетика ресурстарын тұтынушыларының энергияны үнемдеуіне мониторинг ұйымдастыру бірінші кезектегі міндеттер болып табылады.»;

жетінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:
«Қазақстан Республикасының аумағында сатылатын энергия тұтынушы электр құрылғыларының техникалық құжаттамасында және зат таңбаларында олардың сыныбы мен энергия тиімділігінің сипаттамалары туралы ақпараттың болуын көздеу, бұл халықтың барынша үнемді аспаптарды сатып алуына, ішкі бәсекелестікті күшейтуге жағдайлар жасайды.»;

он үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«Біріккен Ұлттар Ұйымының Еуропалық экономикалық комиссиямен ынтымақтастығын, оның ішінде өнеркәсіптік даму бойынша ынтымақтастығын дамыту ; » ;

«Заңнаманы жақсарту» мынадай редакцияда жазылсын:

« Заңнаманы жақсарту

«Энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру үшін өнеркәсіп, энергетика, құрылыс және басқа салаларды қамтитын нормативтік құқықтық құжаттар, сондай-ақ энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы жаңа мемлекеттік стандарттар мен техникалық регламенттер әзірленетін болады.»;

«2.10 Инновацияларды дамыту және технологиялық жаңғыртуға жәрдемдесу» деген к і ш і б ө л і м д е :

«Ағымдағы жағдайды қысқаша талдау» мынадай редакцияда жазылсын:

« Ағымдағы жағдайды қысқаша талдау

Әлемдік экономиканың ресурстық басымдықтарының құрылымында кезекті жаһандық а у ы с ы м о р ы н а л у д а .

Ел тәуелсіздік алған сәттен бастап Қазақстан шағын кәсіпкерлікті дамытуды қолдайды. Соңғы 10 жылда шағын кәсіпкерлік субъектілерінің саны 2 есеге өсті, оларға табысты даму үшін барлық жағдайлар жасалуда.

Қазіргі таңда шағын және орта бизнесті қолдау саласында Қазақстанның міндеті саннан сапаға көшу болып табылады. Айталық, инновацияларды дамытуға бағдарланған шағын және орта бизнес субъектілерін басымдықты қолдау жағына назар аудару қажет. Салықтық жеңілдіктер, субсидиялау бағдарламасы, инфрақұрылымды ұсыну – осының барлығын перспективалы инновациялық компанияларды қолдауға б а ғ ы т т а у қ а ж е т .

Бұл үшін «Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының жаңа Заңы қабылданды. Ол қабылданғаннан кейін инновациялық гранттардың түрлері 4-тен 9-ға дейін 2 еседен артық ұлғайды. Олар инновацияларды дамытуға және кәсіпорындарда еңбек өнімділігін арттыруға б а ғ ы т т а л ғ а н .

Отандық кәсіпорындар жаңа технологияларды енгізуге және бәсекеге қабілетті өнім шығаруға бағытталған өздерінің стратегияларын сапасы жағынан қайта құруды іске а с ы р у д а .

2010 жылы 2008 жылмен салыстырғанда өнеркәсіптегі технологиялық инновацияларға кеткен шығындар 2 есеге өсті. Инновациялық өнім көлемі 27 %-ға ұ л ғ а й д ы . » ;

«Негізгі міндеттер» мынадай редакцияда жазылсын:

« Н е г і з г і м і н д е т т е р

1. Тиімді ұлттық ғылыми инновациялық жүйе қалыптастыру және инновациялық и н ф р а құ р ы л ы м д ы дамыту.

2. Өнімдер мен қызметтердің жаңа түрлерінің инновациялық әзірлемелерін ауқымды және жеделдетіп игеруге ынталандыратын жағдайлар жасау.

3. Отандық кәсіпорындардың техникалық, технологиялық және басқарушылық деңгейлерін жаңғырту.

4. Осы шешімдерді отандық кәсіпорындарда одан әрі енгізу үшін ғылымның алдына нақты технологиялық міндеттер қою.»;

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:
«Нысаналы индикаторлар

1. ЖІӨ-нің жалпы көлеміндегі инновациялық өнімнің үлесін 2015 жылға қарай 1%-ға ұлғайту.

2. Елдегі кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін мынадай деңгейлерге дейін арттыру: 2015 жылға қарай – 10 %; 2020 жылға қарай – 20 %.»;

«Іс-қимылдар стратегиясы» мынадай редакцияда жазылсын:
«Іс-қимылдар стратегиясы

Негізінен инновацияларды үш түрге бөлуге болады.

Біріншісі, бұл әлемдік деңгейдегі жаңалықтарға негізделген және тұтастай бағыттарды және экономика салаларын жасауға немесе түпкілікті өзгертуге үміткер абсолютті инновациялар.

Екіншісі, жаңа салалардың және индустрияның жоғары технологиялық секторларының пайда болуына жәрдемдесетін жүйелік инновациялар.

Үшіншісі, өнімнің және еңбек өнімділігін арттырудың сапалық сипаттамаларын жақсартуға бағытталған жақсартатын инновациялар.

Қолданыстағы инновациялық жүйе негізінен мемлекеттік қолдаудың арқасында дамуда. Болашақтағы инновациялық жүйе жеке сектордың мүдделеріне байланысты дамуды қажет.

Осылайша, мемлекет алдағы 5-10 жылда елдің инновациялық даму контурларын анықтауы қажет.

Білімдерді генерациялау жүйесін дамыту.

Отандық инновациялық жүйенің өзегі білім мен ғылым болып табылады. Инновациялық мемлекет инновациялық процестерге белсенді қатысатын инновациялық менталитеті бар қоғамсыз бола алмайды. Бірақ осындай қоғамды қалыптастыру үшін негізгі база білім болып қала береді.

Отандық технологияларды коммерцияландыру және перспективалы шетелдік технологияларды орналастыру жүйесін дамыту.

Отандық зерттеулер нәтижелерін қолдау қажет. Отандық технологияларды коммерцияландыруда жүйелік қадамды енгізу қажет.

Ғылыми зерттеу институты және жоғарғы оқу орындары жанынан елдің 5 өңірінде 9 коммерцияландыру кеңсесі құрылды. 2015 жылға қарай олардың саны 25-ке жетеді.

Заңнамалық деңгейде технологияларды коммерцияландыруға және шағын инновациялық компанияларды қолдауға жаңа инновациялық гранттарды енгізу туралы шешім қабылданды.

Қазіргі таңда Франциямен және Кореямен бірлесіп 2 халықаралық технологиялар трансферті орталығы құрылды, олар нақты бірлескен жобаларды іске асыра бастады.

Осындай орталықтардың жүйесін одан әрі кеңейту қажет. 2015 жылға қарай осы орталықтар жоғары технологиялар саласында әлемнің жетекші елдерімен бірлесіп құрылуы қажет.

Білімді қалыптастыру жалғыз басымдық болып табылмайды, осы білімдерді Қазақстанға тарту және оларды тез арада қолдану жүйесін жалға қою қажет. Технологияны ойлап тапқан мемлекет емес, оны бірінші болып қолдана бастаған мемлекет дамиды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстанның әлемдік инновациялық жүйемен бірігуін дамытуды жетелдетуі қажет.

Сонымен қатар, Қазақстанға тозған технологияларды алып келмеу және оларды сатып алу мен өндірісті қалпына келтіруге қыруар қаржы жұмсау қажет емес. Тозған технологияларға негізделген өндіріс шығынға ұшырайды.

Сондықтан, Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы аумағына тозған технологияларды алып кіруге шектеу қоюды ескере отырып, Техникалық реттеу бағдарламасын әзірлеуі қажет. Бұдан басқа, осы бағдарламада отандық кәсіпорындарды қажетті жаңғыртуды қамтамасыз етуге міндеттейтін елде өндірілетін өнімге жаңа техникалық және технологиялық талаптар қарастырылуы қажет.

Еуропалық одақтың тәжірибесі бойынша өнеркәсіпке бағытталған қолданбалы зерттеулерді қолдау үшін нысаналы технологиялық бағдарламаларды іске асыруға кірісу қажет.

Нысаналы технологиялық бағдарламалар қолданбалы зерттеулер жүргізу кезінде нәтижелер алу үшін бизнестің шығындарын мемлекет қоса қаржыландыратын тетікке айналуы қажет.

Бірақ, мемлекет барлық зерттеулерді емес, Техникалық реттеу бағдарламасымен, елдің ұзақ мерзімді технологиялық басымдықтарымен сәйкес келетін зерттеулерді қолдауы қажет.

Осылайша, 2011 жылы жүргізілген технологиялық болжамдаудың (форсайт) бірінші кезеңінің қорытындысы бойынша экономиканың басым салалары бойынша 63 сындарлы технология айқындалды.

Қазақстан Республикасының Үкіметі осы технологиялар бойынша нысаналы технологиялық бағдарламалар әзірлеуі және отандық және шетелдік ғылыми-өндірістік әлеуеттің қатысуымен оларды іске асыруды терең пысықтауы қажет. Осылайша, зерттеулерді қаржыландырудағы жеке меншік секторының үлесі 2020 жылға қарай 50% - ға ұлғаяуы қажет.

Өндіріс процестерін дұрыс ұйымдастыру есебінен еңбек өнімділігін арттыру. Еңбек өнімділігі 2015 жылға қарай 15 мың АҚШ долларын құрауы, энергия

тиімділігі кемінде 50 %-ға артуы қажет.

Қазақстан кәсіпорындарында еңбек өнімділігін арттыру ресурстары көп. Тәжірибе көрсеткендей, алдыңғы қатарлы басқарушы технологияларды енгізу есебінен өнеркәсіп кәсіпорындарындағы шығындардың көлемін 20 %-ға қысқартуға болады.

Инновацияларды дамыту үшін тартымды шарттар жасау.

Инновациялар тез іске асырылатын және экономикалық пайда әкелетін жерге әлемдік деңгейдегі ғалымдар, трансұлттық компаниялардың зерттеу зертханалары т а р т ы л у ы м ү м к і н .

«Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамының жетекшілігімен ұлттық компаниялар осы жұмысқа белсенді қатысуда. Ұлттық компания пайдасының кем дегенде 10 %-ын ғылым мен инновацияға жұмсайтын болады. Осылайша, Қазақстан Республикасының Үкіметі «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамымен бірлесіп, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» акционерлік қоғамы компаниялар тобының бірыңғай инновациялық стратегиясын әзірлеуі қажет және тұрақты негізде оның орындалуына мониторинг жүргізуі қажет.

2012 жылдан бастап Қазақстанда 9 арнайы экономикалық аймақ жұмыс істейтін болады. Барлық аймақтардың негізгі қызмет түрлерінің ішінде ғылыми зерттеулер мен инновациялар болуы қажет. Бұл ұсынылатын жеңілдіктер мен инфрақұрылым есебінен өңірлерде инновацияларды дамыту үшін айтарлықтай демеу болады.

Сондықтан 2015 жылға дейін 15 венчурлік қор мен 25 коммерцияландыру кеңселерін құру қажет, олар барлық өңірлердегі жоғарғы оқу орындары мен ғылыми зерттеу институтымен белсенді жұмыс істеуі және экономиканың нақты секторымен, оның ішінде арнайы экономикалық аймақтар мен технопарктермен байланыс орнатуы қ а ж е т .

«Индустриялық-инновациялық қызметті мемлекеттік қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес жер қойнауын пайдаланушылардың жиынтық жылдық табысының кемінде бір пайызын ғылым мен инновацияға бағыттауы көзделген .

Осылайша, инновациялық даму мен мұнай және газ саласындағы уәкілетті министрліктердің міндеті ғылыми және инновациялық жобаларды іске асыру, оның ішінде өңірлерде эндаумент қорлары, венчурлік қорлар, технопарктер, конструкторлық бюролар, коммерцияландыру кеңселері бизнес-инкубаторлар және тағы басқа сияқты инновациялардың дамуын қамтамасыз ететін қажетті қаржылық және инфрақұрылымдық құралдарды жасау үшін жер қойнауын пайдаланушылармен бірлескен жұмысты ұйымдастыру қажет.

Елдің барлық инновациялық жобаларын біріктіру үшін индустрия және жаңа технологиялар саласындағы уәкілетті органға Инновациялық жобалар картасын қалыптастыру, оның жұмыс тетігін анықтау, тұрақты негізде оны өзектендіру және м о н и т о р и н г жү р г і з у қ а ж е т .

Жалпы алғанда, осы шаралардың барлығы бірінші кезекті болуы қажет және 2020 жылға дейінгі Қазақстанның инновациялық даму тұжырымдамасында көрсетілуі қажет.

»

«Заңнаманы жақсарту» мынадай редакцияда жазылсын:

« Заңнамананы жетілдіру

Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Инновациялық даму тұжырымдамасын қабылдау ұйғарылып отыр.

Көзделіп отырған Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Инновациялық даму тұжырымдамасын іске асыру кезінде техникалық реттеу, шетелден кадрлар тарту, Инновациялар картасы жобаларын мониторингілеу және ілгерілету ережесін бекіту бөлігінде нормативтік құқықтық актілер әзірленетін болады.»;

«2.11 Тариф саясаты» деген кіші бөлімде:

« Нысаналы индикаторларда »:

3-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«Темір жол көлігімен жүктерді тасымалдауға арналған тарифтерді өзгерту болжамы облысаралық қатынастарда және экспорттық қатынастарда 2010 жылы – 17,6 %, 2011 жылы – 15 %, 2012 жылы – 15 % құрайды, 2013 жылдан бастап тарифтердің өзгеруі жүк және жолаушылар тасымалы саласында магистралдық темір жол желісі қызметтеріне ұзақ мерзімді кезеңге (бірақ 15 %-дан аспау керек) шекті тарифтерді бекіткен кезде жаңа тариф саясаты іске асырылуы шеңберінде анықталатын болады.»;

«2.12. Инвестициялар тарту және арнайы экономикалық аймақтарды дамыту» деген кіші бөлімде:

«Ағымдағы жағдайды қысқаша талдауда»:

төртінші, бесінші және алтыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтарды дамытудың ағымдағы жай-күйі

Бүгінгі күні Қазақстанда инвестициялық тартымдылықты жақсарту үшін барлық қажетті жағдайлар жасалған. Өткен жылдың соңында елдің әртүрлі өңірлерінде жұмыс істеп тұрған алты арнайы экономикалық аймақтарға қосымша үш жаңа арнайы экономикалық аймақ құрылды және олардың жалпы саны 9-ға жетті.

Қазақстандағы барлық арнайы экономикалық аймақтар арнайы маманданған. Айталық, Қарағанды қаласындағы «Сарыарқа» арнайы экономикалық аймағы металлургия және металл өңдеуді дамытуға маманданған. Алматы облысындағы «Қорғас – Шығыс қақпасы» арнайы экономикалық аймағы көліктік-логистикалық әлеуетті дамытуға бағытталған. «Павлодар» арнайы экономикалық аймағы химиялық және мұнай-химиялық салалары өнеркәсібін дамытуға бағытталған.

«Ақтау теңіз порты» арнайы экономикалық аймағы көліктік логистиканы, машина жасауды және металлургияны дамытуға маманданған. Оңтүстік Қазақстан облысында «Оңтүстік» арнайы экономикалық аймағы тоқыма саласын дамытуға бағытталған.

Атырау қаласындағы «Ұлттық индустриялық мұнай-химия технопаркі» арнайы

** – 2010 жылы – 100 орын, 2011 – 99, 2012 – 98, 2013 – 97, 2014 – 96. «Инвесторларды қорғау» индикаторы бойынша «Doing Business» рейтингінде Қазақстанның позициясын жақсарту 2010 жылы – 52 орын, 2011 – 51, 2012 – 50, 2013 – 49, 2014 – 48.

4. Арнайы экономикалық аймақ аумағында әрекет ететін жобалар санын 2009 жылдағы 39-дан 2015 жылы 250-ге дейін және инвестициялық аймақ аумағында 2015 жылы 80-ге дейін ұлғайту.

5. Шикізаттық емес өндіріске инвестицияларды арнайы экономикалық аймақ аумақтарында 2015 жылға қарай 1590 млрд. теңгеге дейін және инвестициялық аймақ аумақтарында 50 млрд. теңгеге дейін тарту.

6. Тауарлар мен қызметтер өндіру көлемін арнайы экономикалық аймақ аумағында 2015 жылға жалпы сомасы 500 млрд. теңгеге дейін және инвестициялық аймақ аумақтарында 40 млрд. теңгеге дейін ұлғайту.

7. Мемлекеттік жеке меншік әріптестіктің кем дегенде 15 жобасын 2015 жылға қарай іске асыру.» ;

«Іс-қимылдар стратегиясында»:

сегізінші бөліктің бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Жеке тәсілді іске асыру үшін шетелдік инвесторларымен өзара іс-қимыл жасаудың институционалдық тетіктері жетілдірілетін болады. Шетелдік инвесторлар үшін «алғашқы өтініш жасау терезесі» және «бірыңғай консультант» принципі бойынша жұмыс істейтін Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі Инвестиция комитетін шетелдік инвесторлармен жұмыс жүргізу жөніндегі бірыңғай үйлестіруші орган ретінде күшейту көзделіп отыр. Сондай-ақ, Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің жанынан шетелдік инвесторларды тарту және шетелдік инвесторлармен жұмыс істеу бойынша мамандандырылған компания ретінде «Kaznex Invest» экспорт және инвестициялар жөніндегі ұлттық агенттік» акционерлік қоғамы анықталды;»;

«Арнайы экономикалық аймақ пен индустриялық аймақтық инвестициялық тартымдылығын арттыру» мынадай редакцияда жазылсын:

«Арнайы экономикалық аймақтарды одан әрі дамыту

Арнайы экономикалық аймақ инвестиция тартудың маңызды бірден бір құралы болып табылады. Елдер инвестициялар тарту үшін ең жақсы жағдайлар жасауда. Соңғы он жылда әлемде арнайы экономикалық аймақ санының өсуі байқалуда. Өсудің үлкен бөлігі Азия елдерінде іске асуда.

Бағдарламаны тиімді іске асыру үшін ірі жобаларды іске асыру үшін әлеуетті инвесторлар келетін инженерлік инфрақұрылымды құру арқылы мемлекеттік қолдау қажет.

Жақын арадағы екі жылда арнайы экономикалық аймақ аумақтарында инженерлік инфрақұрылымды салу бойынша қызу жұмыс жүргізу қажет.

Индустриялық аймақтардың жұмыс істеу тиімділігін арттыру.

Индустриялық аймақтарды құру және дамыту бірінші кезекте шағын және орта бизнес субъектілерін, елдің перспективалы индустриялық дамуына серпіліс беру, жаңа жұмыс орындарының қалыптасуына, өңірлердің инвестициялық тартымдылығының өсуіне жеке кәсіпкерлікті дамытуда ынталандырудың қолданыстағы тетігінің бірі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Мемлекет индустриялық аймақтарды құру шеңберінде жеке сектор үшін жасап жатқан жағдай кәсіпкерлерге инфрақұрылымдық ресурстарды жүргізуге өздерінің шығындарын айтарлықтай қысқартуға мүмкіндік береді.

Индустриялық аймақтарды дамыту елдің индустриялық даму процесінде және қалаларды дамыту саясатында локомотив болып табылатынын әлемдік тәжірибе көрсетті. Түркияда 1962 жылдан бастап көп жылдары индустриялық аймақтар инфрақұрылымын (көлік, байланыс, электр, су, газбен қамтамасыз ету және т.б.) құру тәжірибесі мемлекеттік капитал салымдарының тиімділігін көрсетеді. Бүгінде Түркияда 250 индустриялық аймақ жұмыс жасауда, олардың аумақтарында елдің негізгі өнеркәсіп тауарларының үлесі шығарылады.

Индустриялық аймақтарды дамыту және реттеу жөнінде бірыңғай жүйелі саясатты құру мақсатында және индустриялық аймақтарды құқықтық реттеу тетігін қамтамасыз ету және қызметін заңды бекіту үшін индустриялық аймақтарды дамыту саласында заңнаманы жетілдіру ұсынылады.

Индустриялық аймақтарды одан әрі дамыту үшін таяудағы жылдары елдің өңірлеріндегі индустриялық аймақтардың инженерлік инфрақұрылымының құрылысын қамтамасыз ету бойынша мемлекеттік қолдау қажет.»;

«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту» мынадай редакцияда жазылсын:

«Мемлекеттік-жеке меншік әріптестікті дамыту

Инвестицияларды мемлекеттің дәстүрлі жауапкершілігіндегі салаларға тарту мемлекеттік объектілерді жеке секторға иелік ету және жаңа объектілерді құру құқығын сақтай отырып беру негізінде халықаралық тәжірибеде қолданылатын келісімдер жасау арқылы іске асырылатын болады: жобалау, қаржыландыру, құру және пайдалану, бойынша жеке сектор концессионерлердің пайдалану шығындарын өтеуді қоса алғанда қаржыландыру, құру немесе қайта құру, басқару, күтіп ұстау және объектінің концессияларын пайдалану функцияларын атқарады; мемлекет өз жағынан қызмет көрсету функциясының сапасына басқару мүмкіндігін қалдырады.

Келісімшарттарды (шарттарды) қиыстыру және құрылымдау үшін жобаның мақсаттары мен қыр-сырына байланысты мемлекеттік-жеке әріптестікке заңдық мүмкіндіктер жасалатын болады.

Бұдан басқа, мемлекеттік жеке-меншік тетіктерін арнайы экономикалық аймақтарда қолдану болжауда.

Концессия тетіктері бойынша мынадай жобаларды іске асыру көзделуде: «ҮАААЖ» және «Алматы-Қапшағай» автомобиль жолдары учаскесін салу (қайта

құру) және пайдалану»;

Зияткерлік-көліктік және төлем жүйесін енгізу және Көкшетау қаласы арқылы Астана-Петропавл автомобиль жолының «Астана-Щучинск» учаскесін пайдалану; солтүстік бағытта Ақтау халықаралық теңіз сауда портын кеңейту; Қарағанды қаласында жылу электр станциясын (ЖЭО-4) салу және пайдалану; б а с қ а л а р ы .

Инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру кезінде жинақтаушы зейнетақы қорлары маңызды рөл атқарады, олардың қаражатын тарту үшін мемлекеттің кепілгерлігімен инфрақұрылымдық облигациялар шығару тетігі қолданылатын болады.

Мемлекет жобалық қаржыландырудың қағидаттарын енгізу, секьюриттеу тетіктерін қолданып мемлекеттік жеке меншік жобаларын құрылымдау және сүйемелдеу жөнінде жұмыстарды жалғастыратын болады. Заңға ерекше заңды мәртебесі бар арнайы жобалық ұйымдар құру мүмкіндігін, концессия институтын дамытуды қамтамасыз ететін өзгертулер енгізіледі.»;

«Заңнаманы жақсарту» мынадай редакцияда жазылсын:
«З а ң н а м а н ы ж а қ с а р т у

1. Жаңа арнайы экономикалық аймақ бойынша салық заңнамасына толықтырулар мен өзгерістер енгізу.

2. Индустриалды аймақтарды дамыту саласындағы заңнаманы жетілдіру.»;

«2.13 Сауда саясаты» деген кіші бөлімде:
«Негізгі міндеттерде»:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«2. Отандық шикізаттық емес (өңделген) тауарлар, қызметтер экспортын дамыту мен ілгерілетуге жәрдемдесу.»;

«Нысаналы индикаторлар» мынадай редакцияда жазылсын:
«Н ы с а н а л ы и н д и к а т о р л а р

2014 жылдың соңына қарай мыналар жоспарланып отыр:

1. Әлемдік саудаға тартылуы жөнінде Дүниежүзілік экономикалық форум рейтингін 80 орынға дейін жоғарылату.

2. Шикізаттық емес (өңделген) экспорттың көлемін 2008 жылғы деңгейден кемінде 30 %-ға дейін ұлғайту.

3. Бөлшек сауда айналымы өсімінің жыл сайынғы қарқынын алдыңғы жылға қарағанда 2014 жылдан бастап 106,0 %-ға жеткізу, бұл ретте 2010 жылы – 100 %, 2011 жылы – 102 %, 2012 жылы – 103 %, 2013 жылы – 104 %.

4. 2014 жылдың аяғына қарай қазіргі заманғы сауда форматтарының бөлшек тауар айналымның жалпы көлеміндегі үлесін 4,8 %-ға жеткізу жоспарлануда.»;

«Іс-қимылдар стратегиясында»:

екінші бөліктің 1 және 2-тармақтары мынадай редакцияда жазылсын:

«Отандық шикізат емес (өңделген) тауарлардың, қызметтер экспортын дамыту мен

і л г е р і л е т у г е

ж ә р д е м д е с у .

Отандық шикізат емес (өңделген) тауарлар, қызметтер экспортын ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасында экспортты дамыту инфрақұрылымын құру ү ш і н :

Отандық шикізат емес тауарлардың (өңделген), қызметтердің экспортын ынталандыру мақсатында Қазақстан Республикасында экспорттың дамыған инфрақұрылымы құрылатын болады, мынадай жолмен:

1) халықаралық тәжірибені, сондай-ақ Қазақстан Республикасы қабылдайтын Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелікке сәйкес жүктелген міндеттемелерді ескере отырып, ұлттық экспорттық стратегияны қабылдау және арнайы экспортты дамыту заңын қабылдау жолымен «KAZNEX INVEST» акционерлік қоғам атынан экспортты дамыту және ілгерілету саласында ұлттық даму институтының қызметін күшейту;

2) экспорттаушыларды ақпараттық және сарапшылық қолдауды қамтамасыз ету;

3) экспорттаушыларға қаржылық қолдау көрсету;

4) экспорттаушыларға нысаналы нарықтарда дистрибуциялық арналарға қол ж е т к і з у г е ж ә р д е м д е с у .

Қазақстандық экспорттаушылардың мүдделерін белсенді ілгерілету, шет елдердің өз өндірушілерін субсидиялауына байланысты зиян шеккен қазақстандық экспорттаушылар үшін конкурстық шарттарды теңестіру, сондай-ақ алыс шетелдермен сауда-экономикалық қатынастарды дамыту (Кеден одағы бойынша әріптестермен бірлесіп) қажеттілігін ескере отырып Қазақстан Ұлттық сараптау стратегиясын қ а б ы л д а у ы қ а ж е т .

Осы мақсатта экспорттық саясаттың негізгі бағыттары мен құралдарын, мәртебесін, экспортты қолдау жөніндегі интеграцияланған жүйенің міндеттері мен функцияларын айқындайтын «Экспортты дамыту туралы» Қазақстан Республикасының Заңын қ а б ы л д а у қ а ж е т .

1. Экспорттаушыларды ақпараттық және сараптамалық қолдауды қамтамасыз ету.

Нысалары мүддесі бар елдердің нарықтарына экономиканың шикізат емес (өңделген) секторының қазақстандық нақты тауарларымен ену үшін елдер, саудадағы әріптес елдердің салалары/өнімдері бойынша шолулар, әлемдік сауда үрдісін (Trade Performance Index (TPI), әлемдік сұраныс негізінде әлеуетті экспорттық тауашаларға стратегиялық маркетингтік шолулар үнемі жүргізілетін, Қазақстан экспорты өнімінің жыл сайынғы анықтамалығы, «Экспорттаушыға көмек», «Экспорттық нұсқау құралы» нұсқаулық материалдары сериялары жыл сайын басып шығарылатын болады, сонымен қатар қазақстандық экспортшылар және әлеуетті шетелдік сатып алушылар үшін мамандандырылған веб-сайты дайындалатын және сүйенмелденетін болады.

Жаңа экспорттық тауашаларды игеру үшін экономиканың өңдеуші секторының нақты өнімдерінің тауар белгілерін әзірлеу және оларды сыртқы нарықтарға ілгерілету, халықаралық көрмелерде қазақстандық өндірушілердің экспорттық әлеуетінің

тұсаукесерін біртұтас ұлттық стенд форматында көрсету жөніндегі іс-шаралар іске асырылатын болады, сондай-ақ отандық компанияларның шетелдік бейінді көрмелерге қатысуы қамтамасыз етілетін болады.

Экспорттық қызметті басқару бойынша мамандарды даярлау жөніндегі оқу бағдарламалары іске асырылып, озық тәжірибені Қазақстан кәсіпорындарында қолдану мақсатында шетелдік жетекші экспорттық өндірістерге бару ұйымдастырылатын болады.

«Экспортқа бағдарлану» идеологиясын қалыптастыру үшін жеке меншік және мемлекеттік секторларды тарта отырып, экспортты нысанаға алуды насихаттау жүргізілетін болады.

2. Экспорттаушыларды қаржылай қолдау.

Экспорттаушыларды қаржылай қолдау отандық шикізат емес тауарларды (өңделген) экспортқа шығару барысында шығындарды қайта өтеу арқылы іске асырылады.

Мыналарға:

- 1) брендингке және сыртқы нарықтарда тауар қызметтерді жарнамалауға;
- 2) шет елдердегі көрмелерге қатысуға;
- 3) каталог әзірлеуге және шығаруға;
- 4) шет елде кеңсе, қойма, шоу-бөлме, сауда орын ашуға және ұстауға;
- 5) тауарды және тауар белгісін шет елінде тіркеуге;
- 6) жұмысшыларды шет елдерінде оқыту немесе шет ел мамандарын елге шақыруға;
- 7) франшиза тартуға;
- 8) интернет ресурс ашып дамытуға;
- 9) көлік шығындарына;
- 10) маркетингтік ізденістер өткізуге;
- 11) экспорттық стратегия құруға байланысты шығындар экспорттаушыларға өтеледі.

Сыртқы нарықтарда шикізат емес (өңделген) тауарлардың экспортын және олардың бәсекеге түсу қабілетін жоғарылату мақсатында, өзге елдердің мысалы бойынша экспортшылардың көлік шығындарының орнын толтыру тетігін енгізу керек.

«KAZNEX INVEST» базасында «КазЭкспортГаранттан» сақтандыру және кредит беру бойынша қосымша функцияларды қосу, сонымен қатар «Самұрық-Қазына» акционерлік қоғамынан Индустрия және жаңа технологиялар министрлігіне «КазЭкспортГаранттың» “Экспорттық-кредиттік сақтандыру корпорациясы» акционерлік қоғамы акцияларына меншіктік құқықтарды беру арқылы экспортты қолдаудың интеграцияланған жүйесін құру.»;

үшінші бөліктің төртінші абзацы алып тасталсын;

мынадай редакциядағы «2.15 Логистика» деген кіші бөліммен толықтырылсын:

« 2 . 1 5 Л о г и с т и к а

Ағымдағы жағдайды қысқаша талдау

Қазақстан Республикасының транзиттік және экспорттық әлеуетін іске асыру, сондай-ақ экономикалық өсуді қолдау елдің көлік-логистикалық жүйесінен аса маңызды халықаралық көлік дәліздеріне, оның ішінде жүк ағындарын бөлуге ықпал ету, тасымалдаудың биік жылдамдығы, уақтылы болуы, қол жетімді және сенімді болуы, көлік қызметтерімен пайдаланудың ыңғайлығы үшін жоғары кірігуді талап етеді.

Көлік-логистикалық жүйенің ағымдағы жай-күйі көрсетілген талаптардың ешқайсысына сәйкес келуге мүмкіндік бермейді. Жүк тасымалдардың өзекті мәселелерін мынадай топтарға бөлуге болады:

инфрақұрылым шектеулері және жылжымалы құрамның тапшылығы;
дәліздердің жүйелік басқаруының жоқтығы;
логистикалық сервистің төмен деңгейі;
басқару жүйесіндегі институционалдық шектеулер;
құзырет пен қазіргі технологиялардың жетіспеушілігі.

Жүк тасымалдары секторында кешенді логистикалық сервистің жеткіліксіз деңгейін және жүк жіберушілер үшін тартымдылықты төмендететін маршруттар мен дәліздердің жүйелік басқаруының жоқтығын атап өтуге болады. Жолаушылар тасымалдарында мұндай «бейінді» мәселелерге ең алдымен ыңғайлылық пен тасымалдау қауіпсіздігінің жеткіліксіз деңгейі жатады.

Халықтың ұтқырлығын арттыру және Қазақстан Республикасының туристік әлеуетін іске асыру көлік жүйелерінен сапалы қызметтерді; жабдықталғандықтың биік деңгейін және қауіпсіздікті; негізгі экономикалық және туристік орталықтардың жақсы көлік орамдылығын; агломерациялардың ішкі орамдылығын; тасымалдардың бағалық қол жетімділігін талап етеді. Дегенмен жолаушылар тасымалдау секторының ағымдағы жай-күйі көрсетілетін талаптардың ешқайсысына сәйкес келуге мүмкіндік бермейді. Жолаушылар тасымалдардың өзекті мәселелерін мынадай топтарға бөлуге болады:

инфрақұрылым шектеулері және жылжымалы құрамның тапшылығы;
тасымалдар ашықтығының, сапасының және қауіпсіздігінің төмен деңгейі;
құзырет пен қазіргі заманғы технологиялардың жетіспеушілігі.

Еуразия континентінің орталығындағы ең ірі сауда әріптестері Қытай және Еуропа арасындағы Қазақстанның орналасуы Қазақстан Республикасының көлік-логистика жүйесін дамыту үшін басты түрткі болады. 2010 жылы Еуропалық одақ және Қытай Халық Республикасы арасындағы сыртқы сауданың көлемі 526 миллиардтан астам АҚШ долларын құрады. Бұл көрсеткіш 2020 жылға дейін 781 миллиард АҚШ доллары деңгейіне дейін өсуі күтіледі. Қазір бұл сауда әріптестердің арасындағы жалпы тауар айналымының 0,5 пайыздан төмен Қазақстан еншісіне келеді. Қазақстан міндеті – Қытай Халық Республикасы және Еуропалық одақ арасындағы республиканың аумағы арқылы жер үсті маршрутымен өтетін транзиттік жүк ағынның ұлғаюын қамтамасыз ету. Қытайдан Еуропаға Қазақстан Республикасы арқылы транзиттік маршрутының бірқатар артықшылықтары бар: ол Суэц арнасы арқылы теңіз маршрутымен

салыстырғанда жылдамырақ және Қытай Халық Республикасынан Еуропаға әуе тасымалына қарағанда арзанырақ. Осылайша ол болашақта Қытайдан Еуропаға теңіздегі сондай-ақ әуе жолындағы жүк ағынының бір бөлігін тартуы мүмкін.

Транзиттік әлеуетті іске асыруымен қатар Қазақстан Республикасының көлік-логистика жүйесі қазақстандық өнеркәсіптің көлік-логистикалық қызметтердегі қажеттігін қанағаттандыруға тиіс.

Көлік-логистикалық жүйе Қазақстан өңірлерінің арасындағы экономикалық байланыстарды іске асырудың негізгі аспабы, сондай-ақ әлемдік нарықтарға қазақстандық тауарлардың экспортының бас өткізгіші болып табылады.

2020 жылға қарай Қазақстанның экспорттық операцияларының көлемі 1,5 есе 96 млн. тоннадан 147 млн. тоннаға дейін өсуі мүмкін, ол өз алдына көлік-логистика жүйеден Ресейге, Оңтүстік Кореяға, Еуропаға, Орта Азияға қосымша жүк ағынына қызмет көрсетуін талап етеді. Сонымен бірге, Қазақстанмен шекаралас елдер арасындағы сауда операцияларының көлемі 1,5 есеге өсіп 2020 жылы 1 трлн. долларға жетеді деп күтіледі және ол өз алдына Қазақстан Республикасы арқылы транзиттік әлеуетін құрайды. Тауар айналымының ең үлкен өсуі Қытай Халық Республикасы мен Ресей және Еуропа елдері аралығында болжанады. Осыны ескере отырып дамыту үшін аса перспективалы транзиттік дәліз «Батыс Қытай – Батыс Еуропа» және «Батыс Еуропа – Ресей Федерациясы» болып табылады.

Әлемдік үрдістер, экспорттың өсуі және ішкі тасымалдардың өсуі шартты логистика нарығының дамуына алып келеді. 2015 жылда Қазақстанның шарттық логистика нарығының потенциалы 320 бастап 810 миллион АҚШ долларын құрай алады.

Негізгі міндеттер

1) Еуразия аймағының бас логистикалық хабы және транзитшісі болу. Қытай және Еуропа (жаңа жібек жолы), Қытай және Ресей Федерациясы, Еуропа және Орталық Азия арасындағы транзитті тарту маңызды тіреу болады.

2) Экспорттық әлеуеті және ұлттық экономиканың ішкі қажеттіліктерін барынша іске асыру.

Нысаналы индикаторлар

1. Көлік-логистика орталықтардың санын 2015 жылға дейін 14 бірлікке ұлғайту.

Іс-қимылдар стратегиясы

Қойылған мақсаттарды іске асыру үшін Қазақстан шетелде де және елдің ішінде де көліктік-логистикалық орталықтарының қуатты желісін жасайды.

Осы жүйенің транзиттік осі Үрімші – Достық/Қорғас – Клайпеда/ Дуйсбург / Усть-Луга, көбінесе Қытайдан Еуропаға және Ресейге Қазақстан арқылы жүк ағындарын тартуға жұмыс істейді. Қытай орталықтарында Үрімшінің (Батыс Қытай), сондай-ақ Чунцин және Ляньюнганьнің болуы жүк базасының қалыптасуына әсер етуге және Қазақстан арқылы құрлықтағы маршруттардың артықшылықтарын ілгерілете

отырып, жүк жіберушілермен тікелей диалог жүргізуге мүмкіндік береді. Өз кезегінде өтеу орындарында ағындардың болуы соңғы қашықтық қызметі тұрғысынан да, кері жүк ағынын қалыптастыру бөлігінде де аса маңызды, онсыз осы трансконтиненталдық дәліздің экономикалық тиімділігі мүмкін емес.

Экспортқа бағытталған жүйенің бөлігі Қазақстанның ішіндегі шекараға жақын көлік-логистика жүйесі желісінде, сондай-ақ Ресейдің, Еуропаның батыс жақтарын және Парсы шығанағы аймақтарына дейін қамтитын Қазақстаннан солтүстік-батысқа, батысқа және оңтүстік батысқа бүкіл жартылай шеңберге экспорттық ағындардың өтеу орындарында көптеген көлік-логистика жүйесі орналасады, олардан Қорғас/Достық – шығыс қақпасы және Ақтау порты – батыс қақпасы аса маңызды болады.

Жолаушылар қатынасы бөлігінде Қазақстанда негізгі экономикалық орталықтарды, агломерация ішіндегі елді мекендерді және туристік ағынын тарту орталықтарын байланыстыратын көлік-қайта отырғызу тораптарының және жылдам дәліздерін мультимодальді жүйесі құрылатын болады.

«Өңірдің негізгі көлік-логистикалық хабы болуы» стратегиялық мақсат қажетті инфрақұрылымды және жылжымалы құрамды құру және дамыту, транзитті ынталандыру және логистикалық қызметтердің сапасын арттыру үшін қажетті институционалды базаны дамыту саласында бірқатар міндеттерді шешуді қажет етеді.

Қажетті инфрақұрылымды және жылжымалы құрамды құру және дамыту саласындағы міндеттер мынадай бағыттар бойынша топталады:

транзиттік дәліздерді қалыптастыратын құрылыс және жолдарды қайта жөндеу саласындағы инфрақұрылымдық жобалар;

көлік-логистика жүйесі желілерін, авиахабтарды және теңіз порттарды құру және дамыту саласындағы жобалар;

жылжымалы құрамды ұлғайту және жоғарылату жөніндегі жобалар.

Қажетті институционалды базаны дамыту саласындағы міндеттер мынадай бастамалар және жобаларды топтарын қалыптастырады:

транзиттік дәліздерді үйлестіруді және кешенді дамытуды және алға бастыруды қамтамасыз ету бойынша бастамалар;

әлемдік тәжірбиеге сәйкес транзиттік жүк тасымалдау саласында мемлекеттік реттеу және стандарттау принциптерін келтіру бойынша бастамалар;

кедендік өткізу пунктері жұмысының тиімділігін және жеделдігін арттыру бойынша бастамалар.

Кез келген жобалар және бастамалар топтарын іске асыру үшін кадрларды дайындау дәрежесін арттыру және жүк ағындары мен инфрақұрылымды бақылау, мониторингілеу және басқарудың қазіргі заманғы тәсілдері ІТ – жүйесін енгізу қажет. Бұл шаралар жалпы жүйелік жобаларды және бастамаларды қолдайтын екі жеке топты құрайды.

Экспорттың дамуын және экономиканың ішкі қажеттілігін қолдау әлемдік нарықта

қазақстандық кәсіпорындардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруға бағытталған Қазақстанның көлік-логистикалық жүйесін дамытудың стратегиялық міндеттерінің бірі б о л ы п т а б ы л а д ы .

Экспорттық әлеуетті іске асыру және экономиканың ішкі қажеттілігін қамтамасыз ету үшін қажетті инфрақұрылымды және жылжымалы құрамды құру/дамыту, көліктік қызметтердің сапасын, сенімділігін, әлеуметтік-экономикалық тиімділігін және қол жетімділігін а р т т ы р у қ а ж е т .

Қажетті инфрақұрылымды және жылжымалы құрамды құру/дамыту саласындағы міндеттер келесі бағыттар бойынша топталады: өндірістің маңызды орталықтарын және нарықты байланыстыратын құрылыс және жолдарды қайта жөндеу саласындағы инфрақұрылымдық жобалар; елдердің ішкі көлік-логистика жүйесі желілерін құру және дамыту саласындағы ж о б а л а р ;

ұлттық компаниялардың негізгі нарықтарға қол жетімділігін қамтамасыз ету ж ө н і н д е ж о б а л а р ; жылжымалы құрамды, теңіздегі кемелерді және көлік құралдарды көбейту және ж е т і л д і р у б о й ы н ш а ж о б а л а р .

Көліктік қызметтердің сапасын, сенімділігін, әлеуметтік-экономикалық тиімділігін және қол жетімділігін арттыру саласындағы міндеттер мынадай бастамалар және жобалар т о п т а р ы н қ а л ы п т а с т ы р а д ы :

экспорттық дәліздерді және ішкі маршруттарды үйлестірімді дамытуға және басқаруға б а ғ ы т т а л ғ а н б а с т а м а л а р ; контейнерлендіру деңгейін арттыру жөнінде шаралар; автомобиль көлігіне қатысты теміржол көлігінің бағалық және құқықтық кемшілігін ж о я т ы н б а с т а м а л а р ;

озық логистикалық процестерді енгізуге жүк жіберушілерді ынталандыру жөнінде ш а р а л а р ;

жүк теміржол тасымалдау нарығының нысаналы бәсекелі моделін қалыптастыру және е н г і з у ж ө н і н д е б а с т а м а л а р ; кедендік өткізу пунктері жұмысының тиімділігін және жеделдігін арттыру жөнінде б а с т а м а ш ы л ы қ т а р .

Экспорттық дәліздермен және ішкі маршруттармен үйлесімді басқару үшін қажетті жағдайларды және нормативтік принциптерді құру үшін мультимодальді тасымалдау туралы заңды (немесе түсінікті) әзірлеу және қабылдау қажет.

Қандай да болмасын жобалар топтарын және бастамаларды іске асыру үшін кадрлар даярлау деңгейін арттыру және заманға сай көзқарас пен бақылаудың, мониторингтің және жүк ағыны мен инфрақұрылымды басқарудың IT-жүйелерін енгізу қажет.

З а ң н а м а н ы ж а қ с а р т у

Көлік саласының мультимодальды жеткізулер бөлігіндегі заңнаманы жетілдіру.»;

«3. Экономикалық әлеуетті ұтымды аумақтық ұйымдастыру негізінде экономикалық өсу орталықтарын қалыптастыру» деген кіші бөлімде:

«Іс-қимылдар стратегиясында:

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Өндірістік күштерді және өндірістік қуаттарды ұтымды және перспективалы орналастыру, халықты қоныстандыру жүйесін оңтайландыру схемалары Қазақстан Республикасының аумағын ұйымдастырудың Бас схемасын, сондай-ақ басқа қала құрылысы құжаттарын (аумақтық дамытудың өңіраралық схемаларын, аумақтың қала құрылысын жоспарлаудың кешенді схемаларын, елді мекендердің бас жоспарларын, егжей-тегжейлі жоспарлау жобаларын) әзірлеу үшін негіз болып табылатын Қазақстанды аумақтық-кеңестік дамытудың болжамды схемасының құрамдас бөлігі болады.

Бас схеманың іске асырылуына мониторинг, ақпараттық деректерге өзекті сипат беру ақпарат көзі жаңартылған кезде тұрақты іске асырылуы тиіс. Жобалық ұсыныстарға және негізгі ережелерге өзгерістер енгізу бес жыл өткен соң, Бас жоспарды түзету әр он жыл сайын іске асырылуы тиіс.»;

«4. Экономиканың басым секторларын дамытуда мемлекет пен бизнестің өзара тиімді іс-қимылын қамтамасыз ету» деген кіші бөлімде:

екінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бағдарламаның республикалық деңгейде іске асырылуын үйлестіруді Қазақстан Республикасының экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссиясы (бұдан әрі – Мемлекеттік комиссия) және Премьер-Министр басшылық ететін Республикалық үдемелі индустриялық-инновациялық даму жөніндегі басқару орталығы – жалпы үйлестіруді; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Шетелдік инвесторлар кеңесі (бұдан әрі – ШИК) — шетелдік инвесторлармен өзара іс-қимыл жасауды; Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы кәсіпкерлер кеңесі – отандық инвесторлармен өзара іс-қимыл жасауды;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің жанындағы Үдемелі индустриялық даму жөніндегі үйлестіру кеңесі (бұдан әрі – Үйлестіру кеңесі) және оның жанынан құрылған, Қазақстан Республикасының Индустрия және жаңа технологиялар министрлігінің жанындағы экспорттаушылар кеңесі (бұдан әрі – Экспорттаушылар кеңесі) – отандық экспорттаушылармен өзара іс-қимыл жасауды іске асыратын болады.

» ;

сегізінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстанды индустрияландырудың 2010 – 2014 жылдарға арналған картасы республикалық және өңірлік индустрияландыру карталарынан тұрады.»;

«4.1 Бағдарламаны республикалық деңгейде іске асырудың схемасы мен құралдары» деген кіші бөлімде:

«4.1.2 Бағдарламаны республикалық деңгейде іске асыру тетіктері» деген кіші

б ө л і м д е :

төртінші, бесінші, алтыншы, жетінші, сегізінші, тоғызыншы, оныншы, он бірінші, он екінші, он үшінші, он төртінші, он бесінші, он алтыншы, он жетінші, он сегізінші, он тоғызыншы және жиырмамыншы бөліктер мынадай редакцияда жазылсын:

« Ж о б а л ы қ қ о л д а у ш а р а л а р ы

«Өнімділік 2020» жұмыс істеп тұрған өндірістерді жаңғырту және бәсекеге қабілетті жаңа өндірістерді құру Бағдарламасы.

Кәсіпорындардың өнімділігін жоғарылату және инвестицияларды тарту бағдарламаның мақсаты болып табылады. Бағдарламаны іске асыру құралдары:

инвестициялық жобаның кешенді жоспарын әзірлегені немесе сараптама жүргізгені үшін төлемдер, ұзақ мерзімді лизингтік қаржыландыруды беру, инновациялық г р а н т т а р д ы б е р у .

Бағдарламаға «Негізгі қорларды алуға жұмсалатын лизинг және кредит бойынша ставкаларды өтеуді субсидиялау» құралын енгізу мәселесі қаралады. Субсидиялау жаңа және де бұрын алынған кредиттер (лизингті қаржыландыруға) бойынша іске а с ы р ы л а д ы .

Кредиттер бойынша пайыздық ставканы субсидиялауды қаржылай жүргізу, субсидия алуға қарыз алушылардың тізімін жасау және қаржыны көзделген мақсатта және уақытында пайдаланылуды мониторингтеу Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтайтын қаржы агенттері арқылы іске асырылады.

Агенттік қызметтердің құны бюджеттен қайтарылады.

Сыйақы ставкаларын субсидиялаудың тетіктерін, тәртібін және жағдайларын Ү к і м е т п е н а н ы қ т а л а д ы .

Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі, операторлар мен қаржы агенттері арасында Субсидиялау туралы келісім жасалады.

Бағдарламаға қатысушылар болып экономиканың басым салаларында инвестициялық жобаларды іске асыратындар және (немесе) іске асыруды ж о с п а р л а й т ы н ;

қ а р ж ы л а й т ұ р а қ т ы ;

инвестициялық жобаның кешенді жоспары бар кәсіпорындар болып табылады.

Бағдарламаның және құралдардың Операторы болып Қазақстан Республикасы Үкіметі анықтайтын заңды тұлғалар болады. Қазақстан Республикасы Индустрия және жаңа технологиялар министрлігі бағдарламаның әкімшісі болады.

Құралдардың тетіктерін, тәртібі және құралдарды беру жағдайларын Үкімет а н ы қ т а й д ы .

Операторлардың қызметтері бюджеттен қайтарылады.»;

«Республикалық индустрияландыру картасы» мынадай редакцияда жазылсын:

«Қазақстанды индустрияландыру картасы

Қазақстанды индустрияландыру картасы салалық бағдарламалар мен

мастер-жоспарларда қарастырылған инвестициялық жобаларды іске асыру және мониторингілеу құралы болып табылады.

Қазақстанды индустрияландыру картасына жобаларды іріктеу процесі итерациялық болып табылады, яғни, Индустрияландыру картасына енгізілген жобалар тізбесі өтінімдердің түсуіне және тиісінше олардың мақұлдануына қарай тоқсан сайын жаңа жобалармен толықтырылуы мүмкін.

Индустрияландыру картасы жобаларын іріктеу мынадай сипатта іске асырылатын болады :

1. Инвестициялық жобаларға өтінім берушілердің жергілікті атқарушы органға тиісті құжаттар топтамасын беруі.

2. Жергілікті атқарушы органның құжаттарды қарауы және жобаның коммерциялық құрамдастығының пысықталуы, бастапқы жағдайлардың, инфрақұрылымның болуы, экологиялық, рентабельділігі және өңірлік маңыздылығы өлшемдері бойынша жобаларды іріктеу үшін өңірлік сараптамасын жүргізуі.

3. Жоба мақұлданған жағдайда, жоба бойынша құжаттар топтамасын тиісті салалық орталық мемлекеттік органға жіберуі.

Шағын жобалар (құны 750 млн. теңгеге дейінгі) үшін Индустрияландыру картасына енгізу бойынша жобаларды қарастырудың жеңілдетілген жүйесі қолданылады.

4. Жобаларды тиісті салалық орталық мемлекеттік органда қарастыру және стратегиялық маңыздылығы, басқа өндірістермен теңгерімділігі, инновациялылығы, экспортқа бағдарлануы және импортты алмастыруы, сондай-ақ өндірістің тиімділігі өлшемдері бойынша іріктеу үшін салалық сараптама жүргізуі.

5. Қазақстан Республикасы экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссияда қарастыру үшін Елді индустриялық-инновациялық дамыту саласындағы уәкілетті органның Индустрияландыру картасына енгізу үшін мақұлданған жобалардың тізбесін қалыптастыруы.

6. Қазақстан Республикасы экономикасын жаңғырту мәселелері жөніндегі мемлекеттік комиссия отырысында Индустрияландыру картасының жобалары тізбесінің хаттамалық шешіммен мақұлдануы.

Индустрияландыру картасына енгізілген жобаларды іске асыру барысында туындайтын проблемалық мәселелерді тиісінше Премьер-Министр және өңірлердің әкімдері басқаратын республикалық және өңірлік басқару орталықтары қарайды.

Индустрияландыру картасы жобаларының мониторингін жобаларды іске асыруға жауапты органдармен бірлесіп, уәкілетті орган ақпараттық-талдамалық жүйе (бұдан әрі – жүйе) негізінде іске асырады.

Жүйе сапалық және сандық көрсеткіштерден, жоспар-кестеден және жобаларды іске асыру барысы туралы мәліметтерден тұрады және қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды пайдалана отырып жобалар бойынша ақпараттарды жинақтау және өңдеудің интерактивті процесін қамтамасыз етеді.

бір жыл бойы қуаттарының кемінде 70 % (жетпіс пайыз) деңгейінде үздіксіз жүктелуі ;

Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезеңінде шешу мүмкін болмайтын проблемалар, оның ішінде форс-мажорлы мән-жайлар туындаған жағдайларында жобалар Индустрияландыру картасынан кезекті өзектілендіруді жүргізгенде шығарылды.» ;

Республикалық индустрияландыру картасына жауапты тұлға әзірлеу деңгейі бойынша бекітілген Индустрияландыру картасына жобаларды енгізу ережелеріне сәйкес жеке тізіммен әлеуетті жобалар енгізіледі.» ;

«4.2 Бағдарламаны өңірлік деңгейде іске асыру схемасы мен құралдары» деген кіші бөлімде :

«4.2.1 Даму институттарының, ұлттық компаниялардың бағдарламаны өңірлік деңгейде іске асырудағы рөлі» деген кіші бөлімде: төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Бизнес-белсенділікті ынталандыру кәсіпкерлікті қолдаудың және инфрақұрылым құру құралдары шекараны және «Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасы болады, соның шеңберінде әрбір даму институтының рөлі, олардың жергілікті атқарушы органдармен және бизнеспен өзара іс-қимыл тетіктері, сондай-ақ кәсіпкерлікті қолдау бойынша қаржыландыру көздері нақты анықталатын болады.» ;

«4.2.2 Бағдарламаны өңірлік деңгейде іске асыру тетіктері (Бизнестің жол картасы – 2020)» деген кіші бөлімде: бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«4.2.2 Бағдарламаны өңірлік деңгейде іске асыру тетіктері (Бизнестің жол картасы – 2020)»

«Бизнестің жол картасы 2020» бағдарламасын іске асыру тұрақты жұмыс орындарының қолда барын сақтап қалуға және жаңаларын ашуға, сондай-ақ шикізаттық емес секторларда өңірлік кәсіпкерліктің өсуін қамтамасыз етуге бағытталады. Бұл бағдарламаны қаржыландыру мемлекеттік бюджеттен мынадай бағдарлар бойынша іске асырылады.

- 1) жаңа бизнес-бастамаларды қолдау;
 - 2) кәсіпкерлік секторды сауықтыру;
 - 3) кәсіпкерлердің валюталық тәуекелдерін төмендету;
 - 4) кәсіпкерлік әлеуетті күшейту.» ;
- үшінші бөлік алып тасталсын ;
төртінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Әр өңір үшін Үкімет айқындайтын орталық атқарушы орган қаржыландырудың жалпы лимиттерін өңірдің экономикалық әлеуетін ескере отырып айқындайтын болады

» ;

оныншы бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Жобаға өтінім берушінің жобаны іске асырудың жалпы құнының 15 %-ынан төмен болмайтын деңгейде меншікті ақша қаражатымен қатысуы не жобаны іске асырудың жалпы құнының 25 %-нан төмен болмайтын деңгейде меншікті жылжымалы/ жылжымайтын мүлкімен жобаны іске асыруға қатысуы қолдаудың міндетті шарты б о л ы п т а б ы л а д ы . » ;

он бірінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Кредиттер бойынша пайыздық ставканы субсидиялау өңірлік Үйлестіру кеңесінің шешімдеріне сәйкес жүргізілетін болады.»;

он бесінші бөлік мынадай редакцияда жазылсын:

«Кәсіпкерліктің кредиттеріне кепілдік беруді өңірлік Үйлестіру кеңесінің ең жоғары мөлшері кредит сомасының 50 %-нан артық емес және кепілдік беру мерзімі кредиттік шарттың қолданылу кезеңінен аспайтын жаңа өндірістер ұйымдастыруға бағытталған шешімдеріне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын қаржы агенті і с к е а с ы р а д ы . » ;

он алтыншы және он жетінші бөліктер алып тасталсын.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі бір ай мерзімде «Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қазақстан Республикасын үдемелі индустриялық-инновациялық дамыту жөніндегі 2010 – 2014 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 14 сәуірдегі № 302 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізсін.

3. Осы Жарлықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Президентінің Ә к і м ш і л і г і н е ж ү к т е л с і н .

4. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Президенті Н. Назарбаев